

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УЎЗІРЛІГІ  
ЎЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ИНСТИТУТЫ**

**ШЕТ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТИ  
«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ» КАФЕДРАСЫ**

**«Абай Құнанбаев шығармашылығын жаңаша оқыту жолдары»  
тақырыбындағы**

**БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ**

Орындаған: «Қазақ тілі және әдебиеті» тәлім  
бағдарының бітірушісі 4 курс студенті  
Бисенбаева Арай

---

ҒЫЛЫМИ БАСШЫ: үлкен оқытушы \_\_\_\_\_ Т.Төрткулбаева

Бітіру мамандық жұмысы кафедрадан қорғаудан өтті.

\_\_\_\_\_ санды протоколы «\_\_» \_\_\_\_\_ 2016 жыл

**НӨКІС-2016**

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы  
мәжілісінің 2016 жыл \_\_\_\_№ \_\_\_\_санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Шет тілдер факультеті

деканы:

доц. Д.Мамырбаева

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к. доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші:

үлкен оқытушы. Т.Төрткулбаева

Бисенбаева Арайдың «Абай Құнанбаев шығармашылығын жаңаша  
оқыту жолдары» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік  
аттестация комиссиясы қарарымен

« \_\_\_\_ » ( \_\_\_\_\_ %) қойылсын.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2016 жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

## **Жоспары**

Автордың аннотациясы

### **I КІРІСПЕ**

### **I ТАРАУ**

Абай шығармаларының тәрбиелік үлгісі

1. Абай шығармаларын оқытудың педагогикалық және психологиялық негіздері
2. Өнер, білім, ғылым тақырыбындағы Абай өлеңдерін оқыту.

### **II ТАРАУ**

Абайдың табиғат лирикасын оқыту

1. Абайдың «Күз» өлеңін әңгіме-сұхбат түрінде оқыту.
2. Абайдың «Күз» және «Қыс» өлеңдерін оқытуда Венн диаграммасынан пайдалану.

### **III. Қорытынды**

### **IV Пайдаланылған әдебиеттер**

## **АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ**

**Тақырыптың өзектілігі:** Қазіргі кезде мектептерде әдебиет пәнін оқытуды түбегейлі жақсарту, жетілдіру және жаңа педагогикалық технологияларды сабақ процесінде қолдану мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Осыған байланысты әдебиет сабақтарында көркем шығармаларды жанрлық ерекшеліктері бойынша оқытудың танымдық та, эстетикалық та маңызы зор екендігі ақиқат.

Бұл мамандық жұмысы – «Абай лирикасы және оны оқыту» тақырыбына арналады. Абай лирикасы мектеп оқушыларына ең көп оқытылатын және оқушылардың көркем әдебиеттен нәр алуына, олардың сана сезімі, дүниетанымының қалыптасуына ерекше әсер ететін болғандықтан, ол өлеңдердің ерекшеліктерін, тақырыптық, идеялық, сюжет пен композициялық тараптарын таныту ісі әдістемеден жетекші орын алады. Міне, мамандық жұмысы орта мектепте, атап айтқанда 5-8 сыныптарда өтілетін Абай лирикасының жанрын, көркемдік-идеялық ерекшеліктерін қалай таныту мәселесін жан-жақты қарастыруы – оның маңыздылығынан, қажеттілігінен дерек береді.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттері:** Мамандық жұмысының басты мақсаты – 5-8 сыныптарда бағдарламаға енген Абайдың лирикалық өлеңдерін оқыту процесінде оларды оқушыларға тереңірек таныстыру, әдебиетті сүйуге, оны дұрыс түсінуге баулу болып табылады.

Жұмыста ақын лирикасының жанрлық ерекшеліктері, оның көркемдік бітімі, эстетикалық мәні т.б. тараптарын оқушыларға таныту арқылы, оларды Абай шығармаларына қызықтыру, көркем әдебиетті сүйетін, әрі түсіне білетін азаматтар етіп тәрбиелеу болып есептеледі.

Лириканы өтуде, түсіндіруде – ол өлеңнің қандай заман шындығына арналғанын анықтап алып, түсіндіру аса қажет. Жұмыста бұл жағынан жіті көңіл бөлінген.

Абай лирикасының тақырыптары, олардағы замана шындығы т.б. дұрыс та, нақты түсінуі мәселесінде әр алуан әдістемелік тәсілдерді қолданудың тиімділігі көрсетілген.

**Зерттеудің объектісі мен предметі:** Зерттеу объектісі – «Абай лирикасы және оны оқыту». Жұмыста әрбір сыныпта бағдарлама бойынша Абайдың қайсы өлеңі өтілетіндігі, оларды түсіндіруде қандай әдіс-тәсілдер қолдану тиімділігі жан-жақты баяндалады.

Негізгі нысан – көбінесе классик ақынымыз ұлы Абайдың лирикалық туындыларын оқытудың әдістемесі. Себебі – поэзиямызды мазмұн, идея және көркемдік тұрғыдан биікке көтерген ақын лирикасы оқушыларға танымдық та, тәрбиелік те, эстетикалық жақтан да жақсы білім болады. Сондай-ақ 5 - сыныпқа қарағанда 8 - сыныпта оқыту процесінің күрделі ерекшеліктері де көрсетіледі.

**Зерттеу әдістері:** Бұл салада Өзбекстан Республикасының мәдениет және әдебиетті дамыту саласындағы қаулы-қарарлары, Президентіміз И.А.Каримовтың сөйлеген сөздері, «Юксак маънавият – енгилмас куч» атты еңбектері басшылыққа алынды. Ұлттық идеологияны қалыптастырудағы жүргізіліп жатқан жұмыстар, «Миллий ғарезсизлик» идеясы» курсы материалдары ескерілді.

**Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы, ұсыныстар:** Жұмыста 5-8 сыныптарда Абайдың лирикалық өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктерін (сатиралық, табиғат, қоғамдық, көңіл-күй т.б.) оқыту практикалық та, теориялық та маңызға ие. Мектеп бағдарламасында лириканың жанрлық ерекшеліктерін, тақырыптық, идеялық-көркемдігін

оқытудың әдістері сан алуан. Жұмыста осылардың бірнешеуіне арнайы тоқталған.

Жұмысты зерттеу нәтижесінде төмендегілер ұсыныс ретінде көрсетілді:

- Абай лирикасының сипаты жағынан өзінен бұрынғы ақындар өлеңдерінен өзгешелігі, ақынның шыншылдығы мен шеберлігі, лирикалық шығармалардың нақты реалистік белгілерін түсіндіруде әдебиет теориясынан тиімді пайдалану;

- лирикалық өлеңдердегі дәуір қайшылығын таныту, эстетикалық талғамын, танымдық өзгешеліктерін танытуда көрнекіліктерден тиімді пайдалану;

- Абай өлеңдерін өткенде кіріспе әңгіменің қажеттігі, яғни оқушының өлеңдерінің айтпақ ойды, оның идеясын түсінуде қызығушылығын оятуға жете көңіл бөлу;

Жұмысты орта және жоғарғы оқу орындары студенттері теориялық және практикалық білім алуда, оқу процесінде, курс жұмыстарын жазуда пайдалануына жарайды.

**Жұмыстың құрылысы, ізбе-ізділігі:** Аталған жұмыс кіріспе, қорытынды және үлкен екі тараудан тұрады.

Кіріспеде тақырыптың мақсаты, міндеттері, бұл тақырып бойынша жазылған еңбектер, жұмыстың актуальдығы жөнінде сөз болады.

Негізгі тарауларда «Абай өлеңдерінің тәрбиелік, танымдық сипаттары туралы» және «Ақынның өнер, білім, табиғат т.б. тақырыптардағы лирикасын оқыту» мәселелері сөз етіледі. Бұларда қазіргі заман талабына сай интерактив әдіс-тәсілдердің қайсысын қалай қолдану керектігі де айтылған. Сыныптан тыс оқуға берілген ақын өлеңдерінің әдістемелері туралы пікірлер берілген.

Жұмыстың қорытындысында негізгі бөлімдерде қарастырылған мәселелерге нақты тұжырымдар жасалады

Ғылыми басшы:

үлкен оқытушы Т.Төрткүлбаева

Студент:

Бисенбаева Арай

## КІРІСПЕ

Еліміз өз тәуелсіздігіне ие болып, ұлттық санада үлкен өзгерістер байқалып жатқан шақта әдебиет пәнінің танымдық та, тәрбиелік те мәніне ерекше көңіл бөлінуде. Себебі, қашаннан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісінде олардың дүниеге көзқарасын қалыптастырып, сана-сезімін дамытатын пәндер арасында әдебиет пәніне ешбірі тең түсе алмайды. Бұл қашаннан белгілі ақиқат.

Біздің Отанымыздағы оқу яғни, халыққа білім беру жүйесінің жаңадан реформалануы да – осы қамқорлықтың негізі. Орта білім жүйесінде мектептің алатын орны ерекше. Мектептер – бастауыш, орталау яғни 5-8 сынып, толық орта мектеп яғни 9-11 сынып болып жұмыс жүргізуде. Қазіргі мектеп тоғыз жылдық дәрежеде қалып, одан соң колледж, лицейлерде оқу жоспарланған, бұлар басқыш бойынша қазір іске асырылмақта. Ал әдебиет пәні орта мектептерде де, лицейлер мен колледждерде де оқытылады. Сондықтан оның әдістемесі мен бағдарламаларын күнделікті үздіксіз түрде жетілдіріп отыру ауадай қажет.

Президентіміз И.А.Каримов: айтқанындай: «Буюк маданиятимизни тиклаш ва янада юксалтириш, миллий таълим тизимини такомиллаштириш, ўнинг миллий заминини мустахкамлаш, замон талаблари билан ўйғунлаштириш асосида жахон андазалари ва куникмалари даражасига чиқариш мақсадига катта ахамият бериб келинмоқда<sup>1</sup>».

Енді республикамыздағы қазақ тілінде білім беретін мектептердің бағдарламалары мен оқыту әдістемелері де жаңа ДТС (давлат таълим стандарти) бойынша жүзеге асады. Олай болса, еліміздегі қазақ тілінде

---

1.И.А.Каримов. Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққиетининг пойдевори. Т. 1997. 5 б.



оқытатын мектептердегі қазақ әдебиеті пәнінің де әдістемесі жаңарып, толығып, жаңа заман талабына жауап берерлік дәрежеде жасалуы шарт.

Біз мамандық жұмысымыздың басты зерттеу нысаны етіп «Абай Құнанбаев шығармашылығын жаңаша оқыту жолдары» атты тақырыпты алып отырмыз.

Адамның әлеуметтік белсенділігі, оның қоғамдық қатынасы күрделеніп, оның қоғамдағы әлеуметтік мәні де өзгеруде. Мұның бәрі ұрпақ тәрбиесінің мазмұны және әдісі жағынан да өзгеруін қалайды.

Абай шығармаларын орта буын оқушыларына оқыту арқылы жаңа қоғамның жаңа адамына керекті қасиет қалыптастыру жолын, оны мектептегі сабақ жүйесінде іске асыру әдістемесі көрсетеді.

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту мектепте әдебиетті оқыту принциптерімен тығыз байланысты. Ол – әдебиеттің қоғамдық сана тудырған көркем өнердің бір саласы ретіндегі айырмашылығы. Әдебиет – адамтану, әлемтану ғылымы.

Абайдың жыл мезгіліне арналған өлеңдерінде жыл мезгілдеріне тән белгілерді суреттеп, табиғат көрінісін елестете отырып, әлеуметтік жағдайды көрсету, соны айқындау ниеті басым жатыр. Автордың қай сөзінің қатыңқы да, шытынап шығуы, қаһарлы қысқа, не суық күзге ызаланудан гөрі жыртық-тесік, кем-кетік, жұпыны өмірге, ондағы бейқамдыққа, қырсыздыққа ызалануы көбірек көрініп тұрады. Оған қоса ақынның ызалануында сол жыртық-тесік, жамау-жасқаумен жүргендер мен бүрсеңдеген балаларға жаны ашу, аяу белгісі де байқалады.

Күз туралы көңілсіздеу ой мен ақын суреттеуіндегі көрініс көз алдыға екінші бір сиықсыз көріністі алып келеді. Ол – жыртық киім, жамау-жасқаумен жүрген ауыл әйелдері, бәрінің қабағы жабырқаңқы, бүрсеңдеген бала, от жақпаған, суықтан құты қашқан үй.

Бұл көрініс біріншіден, автордың оларға деген аянышы мен жан ашуын туғызып, екіншіден, одан туған көңіл-күйдің кейіске айналғаны байқалады.

Берілген эмпатиялық әңгіме-сұхбат арқылы ақынның осы көңіл-күйін оқушыға сезіндіру мақсаты көзделуі керек.

Олай болса, орта буын сыныптарда Абай шығармаларын оқытуда басшылыққа алар бірден-бір тиімді әдіс-тәсіл сабақты эмпатиялық диалогқа негіздей құру. Өмірде жай суретші аңғара қоймайтын сәл нәрселерді Абай аңғарып көре білген. Сондықтан оның өлеңдері – шындық бейнесі болып шығады. Абай «Күз» өлеңінде жыл мезгілінің бір кезеңі – табиғат көрінісін суреттеуде қазақ халқының бұрынғы өміріне тән адамдардың іс-әрекеті мен күнделікті тұрмысында бар болмысты екі-үш сөз тіркестерімен нақ шындықтың бетін ашып көрсетеді.

Мәселен, «иін илеу», «кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң», «енесіне иіртіп шуда жібін» сияқты сөз тіркестері жай ғана сыртқы көріністі сөз еткенімен, әр қайсысында көп мағына жатыр.

Өз заманының суретшісі, ақын Абай сол кездегі халық тағдырына, олардың ауыр халіне қабырғасы қайысады. Елдің жүдеу тұрмысы, әлеуметтік жағдайы ақын шығармаларында ерекше көңіл-күйімен суреттеледі.

Абай жыл мезгілдерін суреттеген өлеңдерінде объектив жағдай мен субъектив жағдайды тұтастыра айтып, ондағы құбылысты, әлеуметтік жәйіт пен дүниенің, табиғат болмысының көрінісін қосып, біріктіре суреттейді. Сол арқылы өз жан дүниесінің тебіренісі мен толғанысын көрсетеді. Осындай ақын толғанысын сезіндіруде оқушы мен мұғалімнің қатар әрекет етуі – эмпатикалық диалог құруы шығарма құндылығын асыра түседі.

Эмпатикалық диалог жүргізуде «Өлеңді оқып шыққанда қандай көңіл-күй пайда болды?» немесе «Абай заманға неліктен ренжиді? Ренжуі неден туып тұр?» – деген сияқты сұрақтар арқылы Абай өлеңдеріндегі шытыңқы қабақ, ақын жанына жайсыз тиіп тұрған жағымсыздықты бірден ақ көрсетіп, байқатуға болады. Олай болса, оны сыдыртып оқып шығып, оқулықтағы адам жанын жанап өтпейтін құрғақ сұрақтармен, көңілге қонымсыз тапсырмалармен («Күз болғанда» тақырыбына шығарма жазып келіндер, Өлеңді жаттап алыңдар т.с.с) шектелу не жүрекке, не миға ықпал етпесі

анық. Не нәрсенің қабылдауында болсын, сезім органдарына тікелей әсер еткенде ғана іске асатындығын қайталап айтқымыз келеді.

Бүгінде әрбір жеке ғылым саласының екінші бір ғылыммен байланыстылығы артып отырған тұста мектепте жүргізілетін әрбір оқу пәнінің мазмұны мен құрылысындағы кірігіп кеткен (интеграциялық) байланыстардың маңызы өте зор. Ол дәл бүгін ерекше мәнге ие болып отыр. Пәнаралық байланыстың іске асырылуында белгілі бір мақсат көзделетіні анық. Мысалы гуманитарлық циклге жататын пәндерден білім беруде оқушыларға идеялық-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру бағыты көзделеді; олардың барлығының ортақ объектісі – адам, оның іс-әрекеті мен қоғамдағы қызметі; яғни оқушылар өздері оқитын гуманитарлық пәндердің мазмұны арқылы адамдардың іс-әрекеті, қызметі мен мінез-құлқы, дүниетанымы, тілі, дінімен танысады.

Мәселен, Абайдың «Күз», «Қыс» сияқты өлеңдерін оқығанда, бастауыш сыныптардағыдай жыл мезгілдерінің әр түрлі белгілерін, табиғат көріністерін айту үстірт түсінік тудырмаса керек. Абайдың өзі табиғат көрінісі және жер бетіндегі тіршілік атаулының (адам, өсімдік, оның әлеуметтік халі т.б) бәрін де тұтастық қалпында сипаттап тұр. Ол тұтастықты даралап ыдыратқанда әрбір жеке ғылым саласының үлесінен (өсімдіктану, жаратылыстану, тәнтану, әлеуметтану, саясаттану, география, тарих, сурет т.б.) екені байқалады.

Абай шығармаларының табиғаты кешегіні айта отырып, бүгінгі күннің барысына жөн сілтейді. Кешегі айтылған Абай сөзі бүгін өз құнын жоғалтпақ түгіл, ол құндылық пен оған деген мұқтаждықты еселеп арттырғандай болады. Сондықтан да бұл жердегі интеграциялық байланыс мұғалімнің білімдік-әдістемелік дайындығын қалайды.

Абай өлеңдерінің терең мазмұнына бойлау үшін сабақты интеграциялық байланыста жүргізу бірден-бір тиімді әдіс болып табылады. Мәселен, «Интернатта оқып жүр» өлеңін оқытқанда оқушылардың 5 сыныпта оқыған «Интернат наны» (Ш. Мұртаза) мәтінімен байланыстыру арқылы кең

ұғым беруге болады. Осы тұста тарихи жағдай ықпалын да сөз ету керек. Әсіресе, Абай өлеңдерін оқытқанда, тарихи жағдайға соқпай өтуге болмайды.

Абай мұрасын оқытуда өркениетке бет бұрған қазақ тілі және әдебиеті оқытушылары осы заман талабымен жаңаша пайымдап, қайта ой сарасынан өткізуді талап етеді. Абайдың адам тұлғасын қалыптастыруға негіз боларлық ғибрат сөздері ұрпақ тәрбиесіне ат салысам дегендердің тілегімен тікелей қабысып жатыр.

Солай бола тұра, мектепте қазіргі оқылып жүрген Абай шығармалары өзінің көлемі мен баланың жас және дара ерекшелігіне, білім-білік дәрежесіне лайықтылығы жағынан талапқа сай алынбағандығы байқалады. Дәл осы айтылғандардың салдарынан әр өлеңдегі мазмұнды оқушыға меңгертуге керекті әдістемелік негіз жоқтығы, әдістемелік ізденістердің тапшылығы Абай шығармашылығын оқытуда көп қиындық тудырады.

Ал бүгінгі қазақ елі өзінің ұлттық мәдениетін жандандырамыз деген егемендіктен келген құлшыныс тұсында, әсіресе, Абайды танытудағы олқылықтың есесін толтыруға дереу кірісу қажеттілігі ешбір дау туғызбаса керек. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне жауаптылардың көпіртіп айтар уағыздан арылған тұста олқылықтың орнын толтырар асыл сөз бен ақыл сөз де Абайда екені анық. Абайдың тұлға қалыптастыруға қатысты айтқан сөздері – бүгінгіге де, болашаққа да бағдарлама. Олай болса, Абай ғибратын ұрпақ бойына сіңіру, оның шығармаларындағы мазмұнды оқушы өміріне азық етерлік деңгейге көтеру – өзекті мәселе.

Мектепте білім беру дегеніміз – арнайы және мақсатты түрде тәрбие де беру. Қазіргі қоғам құрылысы, оның саясаты мен экономикасы өзгеріп отырған кезде ұрпақ тәрбиесінің мазмұны да үлкен өзгеріске

ұшырады. Өйткені жаңа қоғамдық құрылыс адам атаулының бұрынғы белсенділігі, жауаптылығы, шығармашылық қабілеті деген сияқты қасиеттерінің мазмұндық ұғымын өзгертті. Бұрынғы игіліктің түгелге таяуы көптікі, қоғам мен үкіметтікі, сондықтан да бәрімізге ортақ деген ұғымға саятын. Енді игіліктің жекеменшіктік түрі өмірге еніп, күн өткен сайын өрістеуі артып келеді. Адамның әлеуметтік белсенділігі, оның қоғамдық қатынасы күрделеніп, оның қоғамдағы әлеуметтік мәні де өзгеруде. Мұның бәрі ұрпақ тәрбиесінің мазмұны және әдісі жағынан да өзгеруін қалайды.

Өз алдына егемендік алған ел өз ұрпағының, ұлтының азаматын, жаңа адамын тәрбиелеп шығу үшін осы жаңа бағытқа сәйкес тәрбие мазмұнындағы өзгеріс пен оның іске асырылуына керекті әдістің қолданылуын қамтамасыз ететін ақыл-кеңеске, әдістемелік ізденіске, осы бағытта жазылған оқу құралдарына зәру екені анық. Осы мұқтаждықтың өтелу жолының бірі есебінде Абай шығармаларын орта буын оқушыларына оқыту арқылы жаңа қоғамның жаңа адамына керекті қасиет қалыптастыру жолы, оны мектептегі сабақ жүйесінде іске асыру әдістемесі көрсетіледі. Орта буын оқушыларына ұсынылатын материалдар негізінен адамгершілік тақырып болғандықтан және олардың барлығы жаңа қоғамның жаңа адамына керекті қасиетті тәрбиелеу мақсатына бағытталады.

Ал оқу-тәрбие процесінде Абай шығармаларын нәтижелі өтудің бір кепілі – мұғалімнің әдебиеттану, педагогика, психология ғылымдарын терең меңгеріп, әр сабақта ұтымды әдіс-тәсілдерді аталған негіздермен бірлікте қатар өре білуі. Сондықтан оқу құралында Абай шығармаларын орта буында оқытудың педагогикалық, психологиялық негіздері, тәрбиелік маңызы, тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылып отыр. Оқушыларды

Абай шығармаларына қызықтыру жолдарын іздеу, оларға керекті практикалық жұмыстар жүргізу, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, жүргізген оң нәтижелерді ұстаздар қауымына, сондай-ақ мұғалімдік мамандыққа даярланушы жастарға ұсыну уақыт күттірмейтін іс-шараның бірі болып есептеледі.

Абай шығармалары орта мектепте екі жүйеде оқып үйренілетінін айтпай кетуге болмайды. Ең алдымен әдебиеттік оқу сабақтарында яғни 5-8 сыныптардағы Абайдың әр алуан тақырыптардағы өлеңдері, ақын өмірінен берілетін мәлімет.

Екіншісі – жоғарғы кластардағы әдебиет тарихы курсы бойынша үйренілетін Абайдың шығармашылығын монографиялық түрде оқыту. Әдебиет сабақтарының бұл екі жүйесі өзара тығыз байланысты дей тұрсақ та, олардың оқытылуы мен мақсаты тұрғысынан елеулі айырмашылықтары бар. Сондықтан да, бұл екі жүйенің әдістемелік жағы екі басқа, яғни екеуі екі мақсатқа қаратылған.

Бұл туралы белгілі әдебиетші ғалым, методист Б.Тухлиев былай деп көрсетеді: «Таълимнинг турли босқичларида боланинг еш хусусиятларигина эмас, ҳатто асарнинг жанри, услуби ҳам уни ўқитиш, ўрганишда ўзига ҳос ёндашувлар бўлишини тақоза этади. Дейликки, кадимги туркий адабиётини ўрганиш билан Яссавий ижодини ўрганишда бир ҳил усулни қуллаб бўлмаганидай, Хорезмийнинг «Мухабботномаси» билан Эркин Вахидовнинг «Ўзбегимнинг» таҳлили ҳам бошқа-бошқа нуқтай назарларидан ўрганилиши керак. Рубойини ўрганиш учун танланган усулни романни ўрганишга татбиқ этиш қанчалик мумкин бўлмаса, мумтоз адибларимизнинг асарларини ўрганиш билан хорижий мамлакатлар адибларининг асарларини ўрганиш орасига ҳам тенглик аломатини қуйиш шунчалик хатодир<sup>2</sup>». Бұл пікірдің

---

<sup>2</sup> Бохижон Тухлиев. Адабиет ўқитиш методикаси. Тошкент. 2006. 9 б.

әсіресе, қазақ әдебиетін, оның ішінде Абай шығармашылығын оқытуда әрбір мұғалімге жол-жоба болып отыруы шарт.

Біздің мамандық жұмысымыз негізінен екі тараудан тұрады.

Бірінші тарау көлемі жағынан шағындау болып, онда 5-8 сыныптар бағдарламасы бойынша оқулық-хрестоматияға енгізілген ақынның өлеңдерін оқыту. Бұл бөлім «Абай шығармаларын 5-8 сыныптарда оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер» деп аталып, мұнда оқытудағы жаңаша әдіс-тәсілдер туралы, оларды Абай шығармаларын, өзге де ақын-жазушылардың туындыларын оқып үйренуде пайдалану мәселесі қарастырылады.

Бұл жүйе – әдебиеттік оқу сабақтарында жүзеге асатын болғандықтан, біз Абай өлеңдерінен, туындыларынан берілген бірнеше шығармаларды оқыту жайындағы пікірлеріміз ортаға салынады.

Жұмысымыздың екінші тарауы – «Абайдың табиғат лирикасын оқыту» деп аталып, бұл тарауда 5-8 сыныптардың бағдарламасы мен оқулықтарына енген Абай туындыларын әсіресе, табиғат туралы яғни пейзаждық өлеңдерін үйренудің әдіс-тәсілдері туралы сөз жүргізіледі. Мұнда автордың өмірі, шығармасының тақырыбы мен идеясы, әдебиет тарихындағы орыны, бұл шығарманы үйренудің мәні мен маңызы т.с.с. қамтылады.

Сонымен бір қатарда, жұмыстың кіріспесіндегі айтылып көрсетілген-мақсат пен міндеттер, тақырып бойынша зерттеулерге шолу жасап өту, жұмыстың құрылысы т.с.с. өзге, мамандық ісіміздің қорытындысында жалпы мамандық жұмысында анықталған мәселелер, келген тұжырымдарымыз санамалап берілді.

## **I ТАРАУ. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ҮЛГІСІ**

### **1. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту мектепте әдебиетті оқыту принциптерімен тығыз байланысты. Абай шығармалары сөз өнерінің биік үлгісі ретінде әдебиетті оқытудың мақсат-мүддесіне толық жауап береді. Мектепте оқытылатын пәндер қатарында әдебиеттің де пән ретіндегі оқытылу мақсаты оқушының білім алуына, білік дағдысын, таным, түсінігін қалыптастыруға, тәрбиелуге бағытталады. Әдебиет басқа оқу пәндері сияқты осы мақсат, міндеттерді арқалай отырып, басқа қырларымен де ерекшеленеді. Ол – әдебиеттің қоғамдық сана тудырған көркем өнердің бір саласы ретіндегі айырмашылығы. Әдебиет – адамтану, әлемтану ғылымы.

Әдебиет адам табиғатының алуан сипаттарын, сондай-ақ өмірдің қат-қабат құбылыстарын сұрыптап бере отырып, қоршаған ортаны, болмысты дұрыс қабылдауға жағдай жасайды, адамның логикалық ойлауын жетілдіріп, сана-сезіміне әсер етеді. Жинақталған көркем образдар арқылы адамгершіліктің биік үлгісін танытады.

Көркем әдебиетті мектеп қабырғасында оқыту көптеген маңызды мәселелерге баса назар аударуды қажет етеді. Мектептерде басқа пәндердің қатарында әдебиеттің оқытылуында да білім деңгейін берілген материалдың көлемімен өлшеу, тек ақпарат құралына айналдыру жағы жиі аңғарылады. Белгілі бір мәтінді, өлеңді оқытуда оқушы автор туралы не біледі, шығарма мазмұны не туралы дегенмен шектелушілік басым.



Ал оқушының сол мазмұнды қабылдауы қандай болды, қандай әсер-күй қалыптасты немесе оқушы өз тарапынан шығарманың ішкі мазмұнын қабылдай алды ма, сол шығармаға баға беруге талаптана ала ма деген мәселелер көмескі қала береді.

Оқушы оқылатын шығарманы дайын күйінде басқа авторлардың берген бағасы, түсіндіруі арқылы ұғынбай, өздігінен түсінетін, мұғалімнің жүргізетін жұмысы барысында талдай алатын, қорытынды жасай алатын дәрежеге жеткізу, оқушыға шығармашылық жағдай жасау, еркіндік беру әдебиетті оқытудағы басты міндет болса керек.

Аталған бағытта жұмыс істеу үшін әр мұғалім оқытудың педагогикалық, психологиялық негіздерін жете білуі, теориялық біліммен қаруланған, тиімді әдіс-тәсілдерді орнымен қолдана алатын дәрежеде болғаны абзал. Ол үшін Абай шығармаларын оқытуда оқушы мен мұғалімнің іс-әрекеті мақсатты түрде қалыптасқан жүйеде ұйымдастырылуы керек. Осыған орай, Абай шығармаларын 5-8 сыныптарда меңгертуге арналған модельді ұсынуға болады.

Модель мұғалімдердің оқу-тәрбие процесінде Абай шығармаларын қазақ мектептерінің орта буынында оқыту үшін негізгі басшылыққа алатынын және оны жүзеге асыруда қандай негізге қол салатынын, қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болатынын, одан оқушының қандай білім, білік дағдысын қалыптастыруға болатынын көрсетеді. Яғни мұғалімнің жоспарлы жұмыс кешеніне жол нұсқайды.

Абайдың жыл мезгіліне арналған өлеңдерінде жыл мезгілдеріне тән белгілерді суреттеп, табиғат көрінісін елестете отырып, әлеуметтік жағдайды көрсету, соны айқындау ниеті басым жатыр. Автордың қай сөзінің қатыңқы да, шытынап шығуы, қаһарлы қысқа, не суық күзге ызылданудан гөрі жыртық-тесік, кем-кетік, жұпыны өмірге, ондағы

бейқамдыққа, қырсыздыққа ызалануы көбірек көрініп тұрады. Оған қоса ақынның ызалануында сол жыртық-тесік, жамау-жасқаумен жүргендер мен бүрсендеген балаларға жаны ашу, аяу белгісі де байқалады.

Күз туралы көңілсіздеу ой мен ақын суреттеуіндегі көрініс көз алдына екінші бір сиықсыз көріністі алып келеді. Ол – жыртық киім, жамау-жасқаумен жүрген ауыл әйелдері, бәрінің қабағы жабырқаңқы, бүрсендеген бала, от жақпаған, суықтан құты қашқан үй.

Бұл көрініс біріншіден, автордың оларға деген аянышы мен жан ашуын туғызып, екіншіден, одан туған көңіл-күйдің кейіске айналғаны байқалады. Берілген эмпатиялық әңгіме-сұхбат арқылы ақынның осы көңіл-күйін оқушыға сезіндіру мақсаты көзделуі керек.

Олай болса, орта буын сыныптарда Абай шығармаларын оқытуда басшылыққа алар бірден-бір тиімді әдіс-тәсіл сабақты эмпатиялық диалогқа негіздей құру. Бұл тектес әдіс-тәсілді аталған 5-8 сыныптарға лайықтау да негізсіз емес.

Өмірде жай суретші аңғара қоймайтын сәл нәрселерді Абай аңғарып көре білген. Сондықтан оның өлеңдері – шындық бейнесі болып шығады. Абай «Күз» өлеңінде жыл мезгілінің бір кезеңі – табиғат көрінісін суреттеуде қазақ халқының бұрынғы өміріне тән адамдардың іс-әрекеті мен күнделікті тұрмысында бар болмысты екі-үш сөз тіркестерімен нақ шындықтың бетін ашып көрсетеді.

Мәселен, «иін илеу», «кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң», «енесіне иіртіп шуда жібін» сияқты сөз тіркестері жай ғана сыртқы көріністі сөз еткенімен, әр қайсысында көп мағына жатыр.

Өмірде не бір айтулы оқиға, қандай болмасын бір қажеттілігімен өзіне әлем ынтасын аударған үлкен істің тындырылуы немесе қандай да бір үлкеннің әуелі бір кішкентай бір болымсыздан, тіпті бір елеусізден

басталғанын көптің талай рет естіп, білгені бар. Сол сияқты, өмірде жай ғана бір кішкентай нәрсенің телегей теңіз үлкен, даңқы әлемге әйгілі ұлылық туғызар бастау болатындығы да кездеседі.

Кейде тұтас тұрған үлкен мәтіннің өзіне жаңаша көзқарас жасағанда, оның сәл ғана бір бөлігі үлкен бір тұтастықтың тиегі екендігін байқатады. Абайдың ерекшелігі осы айтылғандай оңай аңғарыла бермейтінді аңғарып көре алатындығында және бір үлкен тұтастықты тиек етіп көрсете алатындығында.

Өз заманының суретшісі, ақын Абай сол кездегі халық тағдырына, олардың ауыр халіне қабырғасы қайысады. Елдің жүдеу тұрмысы, әлеуметтік жағдайы ақын шығармаларында ерекше көңіл-күйімен суреттеледі.

Абай жыл мезгілдерін суреттеген өлеңдерінде объектив жағдай мен субъектив жағдайды тұтастыра айтып, ондағы құбылысты, әлеуметтік жәйіт пен дүниенің, табиғат болмысының көрінісін қосып, біріктіре суреттейді. Сол арқылы өз жан дүниесінің тебіренісі мен толғанысын көрсетеді. Осындай ақын толғанысын сезіндіруде оқушы мен мұғалімнің қатар әрекет етуі – эмпатикалық диалог құруы шығарма құндылығын асыра түседі.

Оқушы әрекетінсіз дайын күйінде алынған білім өміршең болмайды. Сондықтан оқушының болмысты тұтас күйінде қабылдауына әрі осы білімге оқушы бірте-бірте өз ұғым-түсініктерімен жетуіне бұндай әдіс-тәсіл жағымды жағдай жасайды.

Эмпатикалық диалог жүргізуде «Өлеңді оқып шыққанда қандай көңіл-күй пайда болды?» немесе «Абай заманға неліктен ренжиді? Ренжуі неден туып тұр?» – деген сияқты сұрақтар арқылы Абай өлеңдеріндегі шытыңқы қабақ, ақын жанына жайсыз тиіп тұрған

жағымсыздықты бірден ақ көрсетіп, байқатуға болады. Олай болса, оны сыдыртып оқып шығып, оқулықтағы адам жанын жанап өтпейтін құрғақ сұрақтармен, көңілге қонымсыз тапсырмалармен («Күз болғанда» тақырыбына шығарма жазып келіңдер, Өлеңді жаттап алыңдар т.с.с) шектелу не жүрекке, не миға ықпал етпесі анық. Не нәрсенің қабылдауында болсын, сезім органдарына тікелей әсер еткенде ғана іске асатындығын қайталап айтқымыз келеді. Сезім органдары – көз, құлақ, иіс органы, сондай-ақ, қолмен, саусақпен де сыртқы құбылысты, затты сол нақты тұрқымен қабылдайды.

Осы түсінікпен қоса қабылдаудың ерекшеліктері туралы да психологтар былай түсіндіреді: «Қабылдайтын көз емес, құлақ емес, адам ғой. Ол бейтаныс бөлмеге кірді дейік, ол көптеген ірілі-уақты заттарды көрді. Тіпті, самаладай жарық бөлмеде біраз уақыт болғанның өзінде адам ондағы заттардың бәрін бірдей қабылдамайды. Біреу бұрышта тұрған ерекше рояльді, ноталар тұрған этажerkаны бірден көргенімен қабырғада ілулі тұрған сағаттар мен картаны байқамайды. Енді біреу қабырғадағы картаны аңғарғанымен, одан гөрі ірілеу заттарды мүлде байқамайды. Қабылдаудың мұндай талғамдылығы бұрын жинақтаған тәжірибесіне, оның бағыттылығына, мүдделеріне, әзірлігіне байланысты болады.

Адамның бұл «бағыты» оның белсенділігінің бағытын да айқындайды. Ол айналасындағының бәрін байқамайды, бірақ өзінің тәжірибесі мен мүдделеріне сай «көз тігеді», «құлақ түреді» – деп атап көрсеткен алдыңғы қатарлы психолог - педагог А.А Любинская.

Абай көптеген ғылым салаларынан хабардар болғанын, олардың көбінің тереңіне үңіліп, асыл маржанын тергенін, өмірден көрген - білгенімен сабақтастыра өлеңге айналдырғанын шығармалары арқылы айқын аңғартады. Бұл мәселе туралы Абай:

Базарға қарап тұрсам, әркім барар

Іздегені не болса, сол табылар...

Әркімнің өз іздеген нәрсесі бар,

Сомалап ақшасына сонан алар.

Біреу ұқпас, бұл сөзді біреу ұғар,

Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар, – дейді. Мұғалім әрбір оқытқан жаңа материалды оқушыға қабылдау, меңгертуде, біріншіден дидактикалық принципті сақтауы керек болса, екіншіден, оның бұрыннан бар тәжірибесін пайдалану керек дегенді үнемі есте тұту қажет.

Оның үстіне «қабылдау баланың шындық болмысты одан әрі тануының қуатты құралы болуы үшін оның дамуы жалғасуға тиіс». Оның қуатты құрал болуы үшін қажетті жағдай жасау – мұғалімнің міндеті болып табылады.

Аталған әдіс-тәсіл мектеп бағдарламасындағы Абайдың табиғат лирикасынан басқа шығармаларына да қатаң қолданылады. «Құлақтан кіріп бойды алар», «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» сияқты шығармалары арқылы оқушы бойында әсемдікке құштарлық, көркемдік талғам қалыптастыру мүмкіндігін арттыра түседі.

Баланың оқылған материалды логикалық ой жүйесін сақтай отырып, оқуға ұмтылысы оның жетілу барысына тиімді. Сондықтан мұғалім барлық уақытта баланың логикалық ой-жүйесін ұғуға жетектеп, әдейі үйретуі тиіс.

Оқығанынан ештеңе қалдырмай, түгелдей жаттап алу, немесе қандай болмасын оқыған мазмұнын айтып беру көптеген мұғалім тарапынан өздерін қанағаттандыратын талап деп есептейді. Бұл – баланың тілін

дамытуға, қандай бір ойды өз сөзімен айтуға үлкен залал келтіреді. Осындай талаптың етек жаюынан (әрине, бұл айтып отырғанымыз себептің біреуі) сауатты әдеби тілмен сөйлеу үнемі кездесе бермейді. Жаттанды сөз бала бойына жұқпай, оның тіл байлығына сіңбей қала береді.

Бүгінде әрбір жеке ғылым саласының екінші бір ғылыммен байланыстылығы артып отырған тұста мектепте жүргізілетін әрбір оқу пәнінің мазмұны мен құрылысындағы кірігіп кеткен (интеграциялық) байланыстардың маңызы өте зор. Ол дәл бүгін ерекше мәнге ие болып отыр.

Пәнаралық байланыстың іске асырылуында белгілі бір мақсат көзделетіні анық. Мысалы гуманитарлық циклге жататын пәндерден білім беруде оқушыларға идеялық-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру бағыты көзделеді; олардың барлығының ортақ объектісі – адам, оның іс-әрекеті мен қоғамдағы қызметі; яғни оқушылар өздері оқитын гуманитарлық пәндердің мазмұны арқылы адамдардың іс-әрекеті, қызметі мен мінез-құлқы, дүниетанымы, тілі, дінімен танысады.

Олардың көркем шығармашылығы, өнерпаздығы туралы біліп, оны зерттеуге ұмтылады. Мұғалім осындай пәнаралық байланыс арқылы олардың бәріне бірдей ортақ нәрсенің не екенін оқушы санасына жеткізуге тиіс. Оған қоса, жалпы ғылымның мазмұны мен әдісіндегі ерекшелік әрбір оқылатын пәнде негіз болып саналатынын білдіру керек.

Пәнаралық байланыста бір пәннің мазмұны екінші пәнмен байланысты екені және оның қалай байланысып тұрғаны туралы айтылады. Ал интеграциялық байланыс өтіліп отырған пән бойынша

белгілі жүйе құрып, сол жүйенің құрамындағы пәндердің мүлде кірігіп кеткен тұтастықтағы көрінісі.

Мәселен, Абайдың «Күз», «Қыс» сияқты өлеңдерін оқығанда, бастауыш сыныптардағыдай жыл мезгілдерінің әр түрлі белгілерін, табиғат көріністерін айту үстірт түсінік тудырмаса керек. Абайдың өзі табиғат көрінісі және жер бетіндегі тіршілік атаулының (адам, өсімдік, оның әлеуметтік халі т.б.) бәрін де тұтастық қалпында сипаттап тұр. Ол тұтастықты даралап ыдыратқанда әрбір жеке ғылым саласының үлесінен (өсімдіктану, жаратылыстану, тәнтану, әлеуметтану, саясаттану, география, тарих, сурет т.б.) екені байқалады.

Сондықтан кейбір материалдың мазмұнындағы бірден көзге түсетін бөлікті екінші пәннің үлесіндегі жеңіл бір ұғым, мазмұнмен байланыстырып, интеграциялық сабақ өткіздім деу қисынсыздау болады. Бұл түрдегі байланыстың іске асырылуы мұғалімнен үлкен міндет пен жауапкершілік, сабаққа мүлтіксіз дайындықпен келуді талап етеді.

Мектепте оқылатын оқу пәндеріндегі бай мазмұнмен оның күрделі құрылысы оқу ісінің аса жауапты, қат-қабат қиын екенін көрсетеді. Сондықтан да мұғалімнің мамандық дайындығының жан-жақты, биік дәрежелі болуы өте қажет.

Абай шығармаларының табиғаты кешегіні айта отырып, бүгінгі күннің барысына жөн сілтейді. Кешегі айтылған Абай сөзі бүгін өз құнын жоғалтпақ түгіл, ол құндылық пен оған деген мұқтаждықты еселеп арттырғандай болады. Сондықтан да бұл жердегі интеграциялық байланыс мұғалімнің білімдік-әдістемелік дайындығын қалайды.

Абай өлеңдерінің терең мазмұнына бойлау үшін сабақты интеграциялық байланыста жүргізу бірден-бір тиімді әдіс болып табылады.

Мәселен, «Интернатта оқып жүр» өлеңін оқытқанда оқушылардың 5 сыныпта оқыған «Интернат наны» (Ш. Мұртаза) мәтінімен байланыстыру арқылы кең ұғым беруге болады. Осы тұста тарихи жағдай ықпалын да сөз ету керек. Әсіресе, Абай өлеңдерін оқытқанда, тарихи жағдайға соқпай өтуге болмайды.

Ақын өлеңдері өз заманының шындығын бейнелейді. Оны жалаң күйде бүгінгі ұғым, түсінікпен айту өлеңнің ішкі мазмұнын жоғалтады. «Интерната оқып жүр» өлеңіндегі «Ойында жоқ олардың шарифатқа шаласы» – деген жолдар Абай заманындағы ел арасының бүліншілігінен хабар береді. Сол тұстағы білім алудағы тар ұғым, түсініктің қалыптасқанын аңғартады.

Оқудағы мақсат арыз, шағым жаздыру, сот ісінде бедел көтеру, біреуден есе қайтару дегендерге саяды. Мұның өзі отаршылдық алып келген саясат салдарынан қазақ елінің ішкі жағдайының өзгеруін көрсететінін ашып айту керек.

Абай білім алудың мақсаты бұлардан әлдеқайда жоғары екендігін айтатынын ұғындыра отырып, әңгімені бүгінгі жағдайға бұрған орынды.

«Нан таппаймыз демейді,

Бүлінсе елдің арасы» – деген сөз бүгінгі қоғам құрылысы бір түрден екінші түрге ауысып, жер жүзінде идеялық түсініктерге өзгеріс еніп жатқанда халық көріп отырған қиындықты жеңу жолы – ел арасының бірлігі деген ұғымды биіктету және ел бірлігі деген түпкі тек сонау түркі қағанаты болып құрылғаннан бері келе жатқан мызғымас тұрақты ұғым екендігін ұрпақ көзқарасы мен дүниетанымына негіз етіп қолдану керек. Ол үшін өлеңнің негізгі ой-түйіні ретінде көрінетін тұсын анықтап, ол бойынша түрлі-түрлі жұмыстар жүргізу қажет.



## **2. ӨНЕР, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУ**

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту бастауыш сыныптардан басталып, орта буында, жоғары сыныптарда түгел қамтылады. Осы сыныптардың әр қайсысына сай оқытудың принциптерін білу әдіс-тәсілдердің нәтижелі іске асуының алғы шарты болып табылады. Мәселен, төменгі сыныптарда оқушылардың ойлауы мен қиялы күшті болады.

Бүгінгі күні дамыған технологияға негізделген әр түрлі жаңа әдістер көп айтылып жүр. Соның бірі – оқытудың инновациялық әдісі. Бұл әдістің ерекшелігі бұрыннан танымал әдістерді негізге ала отырып, оқушы қызығушылығын арттыру, оқушы еркіндігін, белсенділігін туғызу, сезім күйіне жағымды ықпал ету болып табылады. Олай болса, Абай шығармаларын оқытуда тиімді әдіс-тәсіл оқушы қызығушылығын арттыру, сезіміне әсер ету, қиялын ұштау, сол арқылы шығармашылыққа жол ашу, оқушыға еркіндік беру деп түсінеміз. Осы жолда жақсы нәтижеге жетектер бір жол – сабақта ойын түрлерін пайдалану.

Кез келген бала ойын үстінде өзін әлде қайда еркін сезінеді. Көп жағдайда оқушыға сабақтың қалыптасып қалған міндеттілік, мәжбүрлік, ықтиярсыз шаралары кері ықпал етеді. Ойын оқушыны еркін ойлауға, еркін сезінуге, шапшаңдыққа, шығармашылыққа бастайды. Абайдың жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерін оқытқанда оқудың танымдық ойын түрлерін ұйымдастыруға көп мүмкіндіктер бар.

Мысалы: «Кім тапқыр» ойыны. Ойынның шарты бойынша өлеңнен алынған сөз немесе сөз тіркесі кімге, неге қатысты айтылғанын, қай сөзбен байланысып тұрғанын табуды екі оқушыға немесе екі топқа ұсынса, тапсырма әлдеқайда тезірек, әрі қызықты орындалады. Екі топ

өкіліне Абай өлеңдерінің жеке тармақтарын ұсыну, берілген өлең шумақтарындағы жасырылған сөздерді тез тауып, өлеңді мәнерлеп оқу, немесе жатқа айтуды тапсыру т.б. осы тектес көптеген түрлерін ұйымдастыруға болады.

«Түсіну» мен «түйсіну» ұғымдары бір-біріне жақын. Дегенмен, екі әрекет адамның екі түрлі мүшесінің функциясында жүзеге асады. Оның бірі – ми қызметі, яғни адам санасы, екіншісі – сезім органдарының араласуы. Абай отыз бірінші қара сөзінде түсіну, есте сақтаудың бір себебі «сол нәрсені естігенде я көргенде ғибраттану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек» – деп сезім органдарының да қатысуы білім алудың бір тірегі деп ұқтырады. Түйсіну ұғымын Абай «тұшыну» деп көрсетеді.

Абайдың «толық адам» теориясында да шешуші фактордың жүрек болуы тегін емес. Жүректің қасиетін ақын мейлінше жарқырата көрсетеді: «Мен – адам денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады» – дейді.

Шындығында, адам әрекетін реттеуші, шешуші қызмет атқаратын – адамның сезімі, яғни жүрегі екен. Ендеше, білім беруде, жас буынды тәрбиелеуде нәтижеге жеткізер басты жол адам сезімін тәрбиелеу, әсер ету, түйсіндіру болу керек дейміз. Жас ұрпақ тәрбиесіндегі Абайдың өзі ұсынған жолда тиімді әрекет ету үшін сезімге ықпал етудің бір жолы, осы мақсаттағы мазмұнды оқытудың бір түрі эмпатиялық диалог «әңгіме – сұхбат» жүргізу.

Эмпатиялық диалог тәсілі Абай шығармаларын жалпы көркем туындыларды өз мәнінде қабылдауға үлкен ықпал етеді. Абайдың табиғат лирикасы, «Құлақтан кіріп бойды алар», «Өлең – сөздің патшасы» т.б. шығармалары оқушыны эстетикалық әсерге, талғамға шақырса, Әбдірахманға арналған өлеңдері, саяси - әлеуметтік лирикасы ақынның ішкі толғанысына толы. Ендеше, бұндай шығармаларды тек мазмұн жағынан талдау, түсіндіру жеткіліксіз.

Көркем шығармадан эстетикалық ләззат алу, басқа адамның эмоциялық жай-күйін түсіну, жанына жақын тұту, сезіну, жүрегімен қабылдау дегендер оқытудың жағымды нәтижелері болып есептеледі. Абай лирикасындағы көркемдікті таныту үшін ақынның өз тілінде айтқанда мағыналы мазмұнға «оймен араласудың», «жүректің көзін ашудың» бір тәсілі іспетті.

Лирикалық шығарма дегеніміз – тікелей ой мен сезімнің әсерлі де асқақтата суреттелуі. Сөз жоқ, көркем шығарманың қай-қайсысында да әсерлі, асқақтата айту болады. Бірақ прозада ол сөз шығарманың бір қыры сияқты көрінсе, лирикалық шығармада ақын сезімі айқын көрініп тұрады. Яғни ақын қуанып тұр ма, жоқ қайғыру бар ма, т.б. оның ішкі эмоциялық жағдайы шығармада байқалады.

Мектеп қабырғасында әдебиетті оқытудың алғашқы уақытынан бастап, мектеп бітіргенше мұғалімнің көздегені оқушының шығармашылық қиялын ояту, оны жетілдіру, оны адамдық биік қасиеттерге тәрбиелеу болуы керек. Сол үшін де әрбір лирикалық шығарманың өтілуінен кейінгі қойылатын сұрақ-тапсырмалар ойланып қойылуы тиіс.

Абайдың өнер, білім, ғылым тақырыбындағы шығармалары алтыншы сыныпта қамтылады. Абай өмір сүрген замандағы қазақ елінің, ондағы

оқудың жайы туралы қысқаша әңгіме жүргізу, Абай заманында ғылымның, оған жету жолының ауыр болғанын, Абайдың өзі де оқуға ересек тартқанда аттанғанын, сол себепті өзінен кейінгілерге қалдырған әдеби мұрасын да білім алу үшін дұрыс жол сілтеп, оқуға шақырғаны туралы мәліметтерден беру маңызды. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіндегі «уыс», «дөп», «маһрұм», «жазалы» т.б. сөздердің мағынасы түсіндірілуі керек.

«Адамның бір қызығы бала деген,

Баламды оқытуды жек көрмедім», – деуінің мәнісін аша түсу үшін оның балалары туралы, Абай оқытқан ауыл жастары, шәкірттері туралы деректер, «Абай жолы» романынан үзінді келтіре отырып сабақты мазмұн жағынан кеңіту қажет.

Абай білім алу – білікті адам болу және ол білімнің басқаға да, өзіне де игілікке жұмсалуды үшін керек екендігін терең сөз етеді.

Үлгі. «Ғылым және шәкірт» тақырыбындағы дөңгелек стол.

Сабақ «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мазмұнымен жүргізіледі.

Сабақтың мақсаты:

а) шығарма мазмұнымен таныстыру.

Оқушыларда оқу дағдысын (дұрыс, шапшаң, мәнерлеп оқу) қалыптастыру. Білімнің, ғылымның маңызын түсіндіру. «Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керектікті» терең ұқтыру.

ә) Оқушыны дамыту мақсатында жұмыс жүргізу, онда интеграциялық негізге сүйену және тіл байлығына үлес қосуға жол ашу, оқушы ойын, қиялын, тілін дамыту.

б) Болашақ қоғамның саналы азаматын тәрбиелеу.

Өлеңді мәнерлеп оқыған соң, мазмұнына байланысты сөздердің мағынасын ашып түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Оқушылар үш топқа

бөлінеді. Үш топ өздерінің атын, төсбелгілерін (эмблемаларын) анықтады. Бірінші топтың аты – «Ғылым», төсбелгісі – айқара ашылған кітап, екінші топтың аты – «Болашақ» деп аталды да, оның төсбелгісі жер шары және Абай кесенесі деп түсіндірілді. Үш топқа қарастырылатын үш мәселе ұсынылды. Олар: бірінші топқа – «Ғылымның адам өміріндегі ролі», екінші топқа – «Оқудағы мақсат», үшінші топқа – «Жастарға Абай нұсқаған жол». Әр топ өздерінің қарастыратын мәселелерін өзара пікірлесе отырып, қорытындылауға тырысты.

Оқулықтағы Абай өлеңін бірнеше рет қайталап қарап, өздері қарастырып отырған мәселеге түйін жасауға талаптанды. Негізгі деп таныған ойларын алдын ала дайындалған қағазға үлкен қылып жазды.. Сол қорытынды пікірлері бойынша екі оқушы түсініктеме жасады. Ең әуелі өз тобының атын, оның мағынасын айтып, осыған байланысты алған төсбелгілерін, оның мәнін түсіндірді де, өздері қараған мәселеден не түйгендіктерін ортаға салды. Бұл жұмыстың тиімді жағы – оқушылар оқулықтағы ойға өз тараптарынан пікір қосуға талаптануы.

«Ғылым» тобының жауабы: Біз іздеген басты жол – ғылым. Сол себепті тобымыздың атын осылай атадық. Абай айтқан: «Артық ғылым –кітапта» деп. Сол себепті кітапты төсбелгі етіп алдық. «Ғылымның адам өміріндегі ролі» туралы айтсақ, ғылымның адамға берері көп. Абай «Дүние де өзі, мал да өзі» деген. Біз оқу-білім, ғылым арқылы өсеміз,өз жолымызды табамыз, өмірге өзгеріс әкелеміз. Жақсы өмір сүре аламыз. Ғылым, білімді меңгермеу Абайша айтқанда, «жанбай жатып сөну» деп ойлаймыз.

«Шәкірт» тобының жауабы: Біз ғылымды үйренушілерміз. Сол себепті атымызды шәкірт деп атадық. Үйренуші шәкірттердің басты құралы дәптер мен қалам болғандықтан, оларды төсбелгі етіп алдық. Оқудағы басты мақсат: Абай бар дүние оқуда дейді. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген

мақал бар. Оқудан мақсат – жақсы адам болу, еліне пайда келтіру деп түсінеміз.

«Болашақ» тобының жауабы: Біз бәріміз де болашақ өмір туралы ойлаймыз. Сол үшін ғылым үйренеміз, сондықтан тобымызды осылай атадық. Болашақ барлық жер бетіндегі адамдардың қолдарында. Оларға Абай жол көрсетеді. Сол себепті жер шарын, оған қарап жол көрсетуші Абайды төсбелгі етіп алдық. «Жастарға Абай нұсқаған жол».

Абай ғылымға жетудің бірнеше жолын ұсынған. Абай бес нәрседен алыс, бес нәрсеге асық болу керек. Бірінсіз бірі болмауын ескерте отырып, жан-жақты бәрін бойына жинаған адам ғана ғылымға жетеді дейді. «Ондай болмақ қайда» деп ойламай, «қайтсем ондай болам» деп, болмасаң да ұқсап бағуды айтады. Ғалым болу үшін «балалықты қию» керек екендігін, «қолды мезгілінен кеш сермемеуді» тілейді. Абай нұсқаған жол барлық адамды болашаққа апарады.

Мұғалім осы үш топтың жауабына да қорытынды жасап, баға береді. Жауаптар талданып, қорытынды жасалғаннан кейін оқушыларға мынадай ұсыныс жасаған орынды: мақал-мәтел сөздің асылы дегенді оқыдыңдар. Мақал-мәтел көп сөзбен айтатын ой түйінін қысқа сөзбен тез түсіндіреді екен.

Мәселен «кітап – білім бұлағы» немесе «кітап – адамның ең жақын досы» дегенді естіп жүрсіндер. Абай айтқан ақыл да бізге кітап арқылы жетіп отыр. Осы досымыздан керегінде сырласып, дұрыс жолға бағыттайтын ақыл алуға болатынын осы оқыған өлеңдерден әбден көріп отырсыңдар. Сондықтан сендер өздеріңе керекті ақылды қажетінде қайталап қарау үшін, өздеріңді дұрыс жолға үнемі бағыттау үшін осы бүгіннен бастап бір жақсы, қалың дәптерді достық жолына арнаңдар. Оның атын «Ақыл – дос» дәптері деп атап, ал дәптердің сыртқы мұқаба-сына:

Ашу –қас, ақыл – дос

Ақылыңа ақыл қос – деп жазып қойыңдар.

Сөйтіндер де оның бірінші бетін ашып, онда «Абай айтқан ақылдан» деп – тақырып жаса, астына бүгінгі оқығаннан адам болуыңа керекті 5 нәрсе, керек емес, аулақ болатын 5 нәрсені жазып қойыңдар. Осылайша, адал дос кітаптан ақыл жинайсыңдар. Ол – сенің құн жетпес байлығың болады. Байлықтарыңның қаншалықты өскенін қарап білеміз. Өйткені басқа да кітаптардан алатын ақыл кездеседі. Бізге де білетін құнды, қызық ақыл болса оқуды өтінеміз (Дәптердің мұғалім тарапынан тексеріліп тұратыны ескертіледі).

Бұл сияқты тапсырмалар оқушылардың өздігінен ізденуіне, Абайдың мектеп бағдарламасынан басқа шығармаларын оқуға деген ынтасын арттырады. Оқушылар өздеріне арналған нақыл сөздерді оқып қана қоймай өміріне серік етуге, есінде ұзақ тұтуға ұмтылыс жасауға түрткі болады.

Баланы оқытуда ата-ананың көзқарасы мен Абай заманындағы көзқарас, ондағы жалған ұғым мен теріс түсініктер туралы сөйлесуге де балалардың өздерін итермелеп, ондағы жағымсыз теріс көзқарастарды айқындауға ұмтылыс жасау керек.

Айталық, бүгінде баласын юрист болсын, милицияға барсын деу, жаппай экономист,бухгалтер болсын деу туралы баланың өзін сөйлетіп, оларға өзіндік көзқарас туғызу қажет. Үйге тапсырма шығарма жазып келу (шығарма тақырыбы – «Мен өз болашағым туралы не ойлаймын»)  
тапсырылғаны дұрыс. Балаға ой салу мақсатында мына сұрақтар беріледі:

1. Мен өскенде қандай адам болғым келеді?
2. Қандай мамандық мені қызықтырады?Кім болуды армандаймын, неге?
3. Мамандық таңдауда кімдермен ақылдасқың келеді және кімді тыңдар едің?

### 1– шығарма:

Мен ертең келіп елімнің ең елеулі азаматы болғым келеді. Барлық оқыған оқуымды, білімімді ел мүддесіне жұмсағым келеді. Халықтың қамын ойлап, жастыққа басың тимесе өлмейсің деген бабаларымыздың өсиеті ойымнан кетпейді. Мен келешекте журналист болғым келеді. Қолыма қалам алып, сөз жазып, еліміздің басына жағдай туса, барлығын жариялағым келеді. Төбеден бұлт оралмауына титтей болса да үлесімді қосамын! Мен осы ойым туралы ағаммен ақылдастым.

### 2– шығарма:

Мен өскенде өз мамамдай мұғалім болғым келеді. Өйткені мамам баламен жұмыс істеу жұмыстың ең жақсысы деп отырады. Мамамды оқушылары жақсы көреді, сыйлайды. Мен қатты қызығам. Мен таңдаған мамандығым жөнінде кейін мамаммен ақылдасам.

Бұл шығармалар балалардың өзі өмір сүрген ортасы, көріп білгені дегендерге сүйеніп жазылған. Сонымен бірге, көбінесе мамандық туралы сөздерін де, ойларында гуманитарлық бағыт басым жатыр. Талдауда барлық мамандық өмірге қажет, керек екенін және әрбір мамандық иесі ең әуелі адамдық қасиет иесі болуды, адам баласының өміріне пайда келтіруді ойлау керек. Сондықтан кім болып істесең де сенің еңбегің елге керек, барлық мамандық та қадірлі деген қорытындыға келтіру жөн.



## **II ТАРАУ. АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫН ОҚИТУ ЖОЛДАРЫ**

### **1. АБАЙДЫҢ «КҮЗ» ӨЛЕҢІН ӘНГІМЕ-СҰХБАТ ТҮРІНДЕ ОҚИТУ**

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту бастауыш сыныптардан басталып, орта буында, жоғары сыныптарда түгел қамтылады. Абай шығармаларын төменгі сыныптарда немесе орта буынның 5,6-сыныптарында оқытқанда, оқушылардың ассоциациялық ойлауы мен қиялын дамытатын әдіс-тәсілдер пайдалану орынды деп есептейміз.

Мысалы, Абайдың табиғат лирикасынан «Күз» өлеңін оқытқанда мына тектес сұрақтар беруге болады.

1. Күз сөзі көз алдымызға қандай көріністерді елестетеді?
2. Күз сендерге қандай сезім-күй туғызады?
3. Күз қандай түсті елестетеді?

Сұрақ, тапсырмаларға берілген жауаптарды жинақтап, оқушылардың дәптерлеріне немесе тақтаға еркін жазу, яғни оқушы жауаптары бойынша жүйесіз жазып шығу керек. Жинақталған «ым» – түсініктерден оқушы өз ассоциациясындағыларын бөлек теріп жинақтайды, оларды топтастырып шығуға болады.

Мәселен: Олар: «Алғашқы қоңырау үні», «оқушылар мектепке бара жатыр», «құстар жылы жаққа ұшады», «құстардың сайрағаны естілмейді», «жапырақтар сарғаяды», «жапырақтар жерде шашылып жатады», «ызғарлы», «суық», «жаңбыр жауады», «адамдар жылы киім киеді», «жер батпақ болады», «жер қара түске енеді», «қар да көріне бастайды». Осы ұғымдар бойынша оқушылар жыл мезгілінің тұтас көрінісін елестете алу мүмкіншілігіне ие болады.

Ал күздің түсі қандай деген сұраққа оқушылардың көбі дерлік «сары түс» деген жауап қайырады. Оқушы қиялын ұштау үшін әр түстегі қағаз қиындыларын немесе жапырақтарды жая отырып, «күз бояуын келтір» деген тапсырмамен түстерді іріктетіп алдыру немесе түстер қиындысынан құрақ жасату, сондай-ақ күздің әр көрінісіндегі суреттерді көрсету, сурет салдыру т.б. тапсырмалар берген орынды. Сол арқылы ағаштың, жердің, далалы алқаптың түстері күздің басы, ортасы, аяғында әр реңге ауысып отыратынын, күз мезгілінің түстерге аса бай екендігін білдіруге болады.

«Қыс» мезгілін оқытар алдында берілген сұрақтарға «қар», «қырау», «аяз», «үскірік», «шаңғы теуіп жүрген балалар», «сырғанақ», «аяз ата», «шыршаны жағалай айналған балалар», «жаңа жыл», «қатып жатқан сулар, өзендер», «қар үстіндегі адам іздері» алуға болады. Қысты оқушылардың барлығы бірдей ақ түсті табиғи деп таниды.

Көктем белгілеріне қатысты қойылған сұрақтарға «қар ериді», «жаңбыр», «үйлердің шатырына қатқан мұздардың еріп, тамшылап тұрғаны», «8 – наурыз», «құстар жылы жақтан оралғаны» «ағаштар гүлдейді», «жан-жануар ояна бастағаны», «дән егіп жатқан диқаншы» сияқты жауаптар қайырады. Оқушылар көктемді әр түрлі түспен елестетеді. Бір оқушы жасыл түсті, біреуі қызыл қызғалдақ түсін елестетеді. Мұндай жұмыс түрлерін ұйымдастырудағы басты мақсат оқылатын шығарманы дұрыс, өз дәрежесінде қабылдауға жағдай туғызу, оқушы қиялын ұштау болып табылады.

«Күз» өлеңінде Абай бұлттың түсін неліктен басқаша қолданбай, (қара бұлт, ақ бұлт, ақша бұлт, т.б) «сұр бұлт тіркесімен берген? немесе «дымқыл тұманның ерекшелігі қандай?» деген сұрақтар табиғат ерекшеліктерін тереңдей ұғуға әрі жете түсінуге жетектейді.

Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.  
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрыңғыдай,

Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай, – деген жолдарға назар аударта оқыту оқушы ойын, ассоциациялық қиялын күз көріністерімен толықтырады, жаңа ұғым, түсініктерге, сезімге ойыстырады. Өлеңнің келесі жолдары сол ұғымдардың бояуын қанықтырып, өлеңнің әлеуметтік мәнін түсініп қабылдауға жол ашады. Оқушы санасында Абай бейнелеген күздің тұтас суреті орнығады.

Ал жыл мезгіліне қатысты оқушылар қандай түсті елестететінін сұрау да белгілі бір дәрежеде оқушы санасына әсер етеді. Төменгі сыныптарда, орта буынның бастапқы сыныптарында оқушылардың абстрактылы ойлауынан нақты көзбен көру арқылы қабылдауы жақсырақ болатындығы себепті жыл мезгілін өздігінен бейнелеу, сипаттап айту мүмкіндігі арта түседі.

Қыс өлеңін оқытқанда да осы әдіс-тәсілдің берері көп. Абай «Қыс» өлеңінде жылдың бұл мезгілін, ондағы табиғат көрінісін жаңаша үлгіде сипаттайды. Ақын қысы динамикалық жанды образға, еселеп сұрап есті алатын «кәрі құда», беймаза шал бейнесіне енеді. Қытымыр мазасыздығымен шаруа адамының берекесін алып, қусырып әкететін қыс қаһары Абай шығармасында мейлінше нанымды суреттеледі.

Абай өлеңіндегі «ақ киімді», «ақ сақалды», «ақ қырау», «ақ орда» тіркестеріндегі ақ эпитетінің қолданысында да қыс суретін айшықтап көрсету мақсаты көзделген. Оқушының елестетуінде қыс келбетінің ақ түсі осы көріністерге сәйкеседі. Сондай ақ келтірілген тәсіл өлеңдегі «үскірік», «аяз», «қар», «беті-қолы домбығып үсік шалды», «борандай бұрқ-сарқ етіп», «басқан жері сықырлап» деген сөздермен тіркестердің

қыс табиғатына тән көріністер екендігін оқушыға еркін сезіндіруге жағдай жасайды.

Оқыту жұмысының нәтижелі болуы оқыту әдістерін үйлесімді етіп таңдап ала білуге байланысты. Себебі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Ал сабақтың мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық, шығармашылық еңбегі, сондай-ақ сабақта оқыту мен тәрбиенің міндеттері, мақсаттары жүзеге асырылады, оқушылардың ой - өрісі кеңіп, қабілеті шыңдала түседі, өмірге деген көзқарасы қалыптасады.

Осы айтылғандардан біз үлгі ретінде 5 сыныпқа түзілген сабақтық жоспарын келтіріп өтеміз.

**Сабақтың тақырыбы:** Абай Құнанбаев және оның «Күз» өлеңі.

**Сабақтың мақсаты:** а) Оқушылардың оқу дағдысын (дұрыс, шапшаң, мәнерлеп оқу) қалыптастырып, Абай Құнанбаев туралы білгендерін кеңейте түсіп, бекіту.

ә) Оқушыны дамыту мақсатында жұмыс жүргізу, онда интеграциялық негізге сүйену және тіл байлығына үлес қосуға жол ашу, ассоциациялық қиялын дамыту.

б) Табиғат пен адам, жалпы тіршіліктің тұтастығын түсіндіре отырып, жеріне, еліне, өз ұлтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Сабақтың барысы:** 1.Кіріспе әңгіме-сұрақ, жауап түрінде жүргізіледі. Бастауыш сыныптарда оқылған Абай өлеңдерін еске түсіреді. Абайды оқушылар кім деп таниды, жалпы ақын туралы не білетіні тексеріледі.

2. Мұғалім – Абай ақын екенін, оның жылдың төрт мезгіліне өлең жазғанын біледі екенсіңдер. Бастауыш сыныпта жылдың төрт мезгіліне

жеке-дара көп материал беріледі, яғни онда шағын әңгімелер мен өлеңдер болатын, соларда не туралы айтушы еді? Мұны кім есіне түсірер екен? (Мұндай жұмыс міндетті түрде жүруі керек. Дәл осындай жұмыс тұсында өткен сыныпта оқығандардың бүгінгі өтіп отырған материалмен қалай байланысты екені және пәнаралық байланыстың интеграциялық түрін іске асыру мүмкіндігі туады)

Келесі кезекте бүгінгі өтілетін Абай өлеңінің де жыл мезгіліне, соның ішінде күзге арналғанын айта отырып, мына сұрақтар қойылады:

- 1) Күз мезгілі көз алдымызға қандай көріністерді елестетеді?
- 2) Күз сендерге қандай көңіл-күй туғызады?
- 3) Қиялдарыңдағы күз көрінісі қандай, күздің түсі қандай?

Берілген сұрақтарға оқушыларды түгел қатыстыра отырып, әңгіме-сұхбат жүргізеді. Әңгіме негізінде анықталған күз белгілері тақтаға ретсіз жазылады. Жауаптарды жинақтай, саралай отырып, дәптерлеріне мына үлгілерді топтастырады.

«Алғашқы қоңырау үні», «оқушылар мектепке бара жатыр», «құстар жылы жаққа ұшады», «құстардың сайрағаны естілмейді», «жапырақтар сарғаяды», «жапырақтар жерде шашылып жатады», «жаңбыр жауады», «қар да көріне бастайды» т.б. Ал күздің түсі қандай деген сұраққа оқушылар барлығы дерлік «Сары түс» деп жауап қайырады.

– Неліктен күзді сары түспен елестетесіңдер? Егінді алқаптарда, орманды, ағашты жерлерде сары екені рас. Ал, таулы, қыратты жерлерде, мал жайылымдарында ше?

– Маусымның барлық мезгілінде күздің түсі бірдей ме?

Осы сұрақ барысында күздің түсі мезгіліне (басы, ортасы, аяғы) және жеріне (орманды, ағашты, алқапты, қыратты) байланысты әр тектес болып келетіні анықталған соң, осы кезеңдердің түстерін ажыратуға

арналған тапсырмалар беріледі. Оқушы қиялын ұштау үшін әр түрлі түстегі қағаз қиындыларын немесе жапырақтарды жая отырып, күздің мерзімдік бояуларын келтіру мақсатында түстерді іріктетіп алдырту сияқты тапсырмалар беріледі.

Күздің басы, ортасы, соңындағы табиғат бояуының әр тектес екенін аңғарту арқылы оқушы ассоциациялық ойын кеңейту мүмкіндігі молая түседі. Келесі кезекте Абайдың «Күз» өлеңіндегі түстердің көрінісінен сипатталып отырғаны күздің қай мезгілі екенін жеңіл ұғынады.

Мәселен, оқушыларға мынадай сұрақтар беруімізге болады:

– Күздің осы үш айында түгелдей күннің жылуы бірдей болама? Барлығында ауа – райының қандай өзгерістері болады?

– Жоқ. Қыркүйекте күн жылы болады, қазан мен қарашада күн суытады. Жаңбыр жиі болады.

Оқушылар өз шамаларынша өзгешеліктерді айтып шығады.

Бұл тұста оқушыны дамыту мақсатында сабақта әр түрлі байланыс көзі пайдаланылады. Біріншіден, бала білімінің жүйелі болуы, оның беріктігін қамтамасыз етерлік күз туралы төменгі сыныпта оқығандарымен байланыстырылады. Екіншіден, интеграциялық байланыс іске асырылады.

Абай өмір сүрген кезең (1904 жылы қайтыс болған) XIX ғасырдың екінші жартысы. Ол кезде қазақ даласы, қазақ ауылы бүгінгі біз өмір сүрген дәуірден мүлде өзгеше болған. Қандай ақын, жазушы болса да, өзі өмір сүрген дәуірдің, сол заманның көңіл-күйін, көрінісін, одан алған өз әсерін жазады.

Абай шығармаларынан да сол байқалады (осы мазмұнға лайықталған мәліметтерден соң мұғалім баланың оқу дағдысын қалыптастыру деген

мақсатына сәйкес жұмыс жүргізеді) Одан әрі мұғалім өзі оқиды. Оқу үстінде:

1) Мағына жағынан өлеңде ерекше мәнге ие болып тұрған сөздерге логикалық екпін түсіріп, сол сөз ие болып тұрған мәнді дауысымен аңғарту көзделеді;

2) Сөз аралығында болатын паузаларды дұрыс жасау қажет. Бұл паузалар, екінші сөзбен айтқанда «кідіріс» жасау бірде ұзақ, тіпті ұзағырақ, бірде сәл ғана болуы мүмкін. Яғни сол кідірістер кейде грамматикалық, кейде логикалық, кейде психологиялық болады. Осы талаппен оқып шығып, сәл кідіріс жасауға (өлеңдегі жабырқаңқы көңіл – күйде туған психологиялық кідіріс) тура келеді. Содан соң оқушыларға мынадай сұрақтар беруге болады:

– Мен өлеңді оқып шыққанда сендерде қандай көңіл-күй пайда болды? деген сұрақ береді. Маған бір ғана сұрақпен жауап бересіңдер, сол сөз өлеңнің өз ішінде тұр. Тек қана, өлеңді іштей оқып, табыңдар да өлеңнің өз сөзімен айтыңдар.

Оқушы: таптым, ол сөз «көңілсіз» – деген сөз.

Мұғалім: дұрыс, неге көңілсіз?

Оқушы: кара суық қырда жүрсең.

Мұғалім: дұрыс, тағы көңілсіздік неден туып тұр?

Оқушы: Сұр бұлт түсі суық, аспанда тұман.

Мұғалім: Тағы көңілсіздік туғызатын өлең жолын іздеп көріңдер.

Оқушы: «Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп, жапырағынан айрылған ағаш, қурай».

Мұғалім: көңілсіздік туғызып тұрған өлең жолын кім табар екен?

Оқушы: «Салбыраңқы тартыпты жыртық киім».

Мұғалім: Абай бір ғана ауыл көңілсіздігін сөз етіп тұрған жоқ екен, оны өлеңнің қай жолынан көреміз, кім табады?

Оқушы: Қай ауылды көрсең де жабырқаңқы, күлкі, ойын жоқ.

Мұғалім: Абай ол заманға неліктен ренжиді? Ренжуі неден туып тұр деп ойлайсыңдар?

Оқушылар: Оларда киім жыртық, қара суықтан тонады. Ауыл адамдарының ішетін тамақтары жоқ. Үйінде от жақпаған, суық, оларға Абайдың жаны ашиды.

Мұғалім: Сендердің ойларыңша қалай?

Оқушылар: Ия, ол дұрыс емес, аянышты.

Мұғалім: Енді Абайдың күзгі елдің көңіл – күйін білдіруге қолданған синоним сөздерін табыңдар.

Оқушылар: салбыраңқы, жабырқаңқы.

Мұғалім: Мұндай көңіл-күй неге байланысты болып тұр. Адам көңіл-күйін білдіретін тағы қандай сөз тіркестерін білесіңдер, соны дәптердің бір бетін екі бөліп, баған түрінде сыздырамыз. Жоғарғы бас жағында «жағымды көңіл-күй», екінші жағына «жағымсыз көңіл-күй» деп жаздырамыз. Бұл – үй тапсырмасы. Бұл айтылғаннан басқа тапсырма – үйде өлеңді мәнерлеп оқуға әзірленіп келу. Мәнерлеп оқу үшін әр сөздің мағынасын біліп, сол мазмұнда қалаған дауыс ырғағы қандай дегенді білу қажет.

Үйге берілген тапсырманың орындалуы мына төмендегідей түрде болуы тиіс. Оған қоса осы берілген әрбір сөздің бет, бейне, түр-түс, қимыл қалпындағы көрінісін баланың өзі жасап көрсетуі талап етіледі. Мұның дұрыс жасалғаны анық сөздің мағынасын көрсете алды ма? – дегенді бағалаушы, түзетуші оқушылардың өздері. Бұл сергітеді және



осындай тапсырмаларды орындауға балалар өздері ерікті түрде қызыға қатынасады.

### **Адам көңіл-күйінің қалпына салыстырма – талдау.**

| Жағымды көңіл-күй      | Жағымсыз көңіл-күй.              |
|------------------------|----------------------------------|
| Жайраңдаған            | Салбыраңқы.                      |
| Жарқылдаған            | Жабырқаңқы                       |
| Жүзінде күлкі ойнайды. | Қабағы түскен, иіні түсіп кеткен |
| Көзі күліп тұр т.с.с   | Тұнжыраған.                      |

Сонымен бірге бүгінгі күні дамыған технологияға негізделген әр түрлі жаңа әдістер көп айтылып жүр. Соның бірі – оқытудың инновациялық әдісі. Абай шығармаларын оқытуда тиімді әдіс-тәсіл оқушы қызығушылығын арттыру, сезіміне әсер ету, қиялын ұштау, сол арқылы шығармашылыққа жол ашу, оқушыға еркіндік беру деп түсінеміз. Осы жолда жақсы нәтижеге жетектер бір жол – сабақта Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын пайдалану.

Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады.

Абайдың «Жазғытұрым» атты өлеңін оқытқанда бұл аталған технологияны пайдалану оқушылардың өлеңді үстіртін жыл мезгілі туралы ғана өлең деп қабылдамай, ондағы көтерілген проблемалық жағдайларды көре білуге, талдай алуға үйретері сөзсіз. Осы технологиямен өткен сабақтан тек бір тапсырманы мысалға келтіруді жөн көріп отырмын. Оқушылардың өздігімен жұмыс істеуінде мынадай сұрақ- тапсырмалар берген орынды деп есептеймін. Өздік тапсырмалар. I топ: Абай «Жазғытұры» өлеңі

1. «Қыс» өлеңіндегі адамның көңіл-күйін білдіріп тұрған жолдарды тауып, оны «Жазғытұры» өлеңімен салыстыр. «Жазғытұры» өлеңіндегі көңіл-күйдің керісінше болу себебі неден?

2. Өлеңнен адамның жасына, кәсібіне қарай көктемдегі іс-әрекетін, көңіл-күйін білдіріп тұрған сөздерді тауып жаз.

3. Көктемнің жер бетіне, жан-жануарларға, адамзатқа, табиғатқа әкелген өзгешелік құбылыстарын саралап айт.

4. «Жазғытұры» жылдың қай маусымын білдіреді, жазға қарай, жазға салым, жазға таман, сөздері синоним бола ала ма? Осы сөздерге сөйлем құрап жаз.

II топ: Абайдың «Қыс» өлеңі.

1. Ақын қыстың қаһарлы күшін қалай көрсеткен? Түсінігіңді өз сөзіңмен ашып жаз.

2. «Шидем мен тон қабаттап киген малшы  
Бет қарауға шыдамай теріс айналды». Өлең жолындағы шидем, тон сөздерінің мағынасын түсіндір.

3. «Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды» деген жолдағы «кәрі құда тіркесінің мәнін түсіндір.

4. Абай сөзін қолданып айтуға дағдылану үшін «ажарланды», «әуес көріп», «домбығып», «үсік шалды», «бет қарауға шыдамау», «қажымас», «титығы құру» деген сөздерге, сөз тіркестеріне сөйлем құрап дәптерлеріне жазып келу.

Сонымен қатар бұл әдіс мазмұнды жоғарғы табыспен меңгерту, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығын арттырады, сонымен қатар өлеңді талдай отырып, зерттеушілік қабілетті бойға қалыптастыруға, дамытуға өз үлесін қосады. Сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

## **2.АБАЙДЫҢ «КҮЗ» ЖӘНЕ «ҚЫС» ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУДА ВЕНН ДИАГРАММАСЫНАН ПАЙДАЛАНУ**

**Сабақтың тақырыбы:** Абайдың «Қыс» өлеңі.

**Сабақтың мақсаты:** а) Оқушының дұрыс және мәнерлеп оқуын дағдыландыру және әдебиет теориясынан түсінік беру.

ә) Тіл дамыту, баланы кейбір іздену жұмысына жетектеу.

б) Адам табиғат бөлшегі екенін айтып, бұл екеуінің бір-біріне ықпалы мен етер әсері туралы түсінікке негіздей отырып, табиғатты қорғауға тәрбиелеу, бала эмоциясын тәрбиелеу.

**Сабақтың барысында:** а) Көңіл-күйін білдіретін сөздерді жазып келгендіктері тексеріледі. Әр оқушының ондай сөздерді оқығанда қандай дауыспен оқу керектігі талап етіледі және кейіп-кескінімен сөздің мазмұнын ашу талабы қоса қойылады.

ә) Өлеңді мәнерлеп оқу. Талапқа сай емес жері түзетіледі (ол үшін сабақта ойын элементі пайдаланылады. Мысалы: «Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсен» – дегенді қалай түсінесің. «Құржаң қағып» пен «бүрсенді» қимыл жасап көрсетші сияқты тапсырмалар беріледі. Осындай оқушыларға жағымды көңіл-күй тудыратын сергіту сәттерін ұйымдастыру да артық емес.

Осы тектес жаттығулар қажеттілігіне қарай жүргізіліп, бір-екі оқушыға «Күз» өлеңін мәнерлеп оқыту іске асырылады. Үйде көңіл-күйін көрсетуге арналған сөздерді балалардың қалай орындап келгені тексеріледі. Тексеру үстінде әр сөздің адам бет пішініндегі, қимылындағы көрінісі қандай екендігін олардың жасап көрсетуі арқылы қаншалықты дұрыс түсінгенін байқауға болады.

1) Жаңадан оқылатын Абайдың «Қыс» өлеңін мұғалім лайықты үнімен бір рет оқып шығады. Ол оқушылардың қыс суретін тұтас қабылдауы үшін керек. Мұғалім оқушылармен төмендегідей сұрақ-жауап жұмысын жүргізеді.

Мұғалім: Өлеңді оқығанда көз алдарыңа не елестейді ?

Оқушылар: Ашулы шал бейнесі.

Мұғалім: Қаһарлы қыс бейнесінің тағы қандай сипаттары көрінеді?

Оқушылар: ақ киімді, ақ сақалды, түсі суық сияқты жауаптар береді.

Мұғалім өлеңде малшылар туралы не айтылған, «Қар кеткенде қажымас қайран жылқы, Титығы құруына аз-ақ қалды» дегенді қалай түсінесіңдер, «Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр» дегенді кім түсіндіріп береді, жылдың қыс мезгілі сендерге қалай әсер етеді, қызықсыз ба? Егер қызықты болса, несімен қызық, Осы өлеңде ақынның көңіл-күйі байқала ма, ақын ренжіп тұр ма? – деген сияқты сұрақтар береді.

Мұғалім мәтінмен жұмыс жүргізу үстінде әдебиет теориясынан берілетін ұғымды қамти отырып, өлең мәтініндегі мазмұнға қызмет етіп тұрған сөздердің ішкі астарын ашады.

Мұғалім : Біз «Қыс» өлеңін оқығанда көз алдымызға қандай бейне елестеген еді?

Оқушылар: Ақ киімді, ақ сақалды шал бейнесі.

Мұғалім: Иә, «үсті басы ақ қырау» өзі ашулы, жалаңаш, бүтініне, дайындығыңның бары-жоғына қарамай, тықсырып, «басқан жері сықырлап», келіп қалған қаһарлы шал бейнесінде, түрінде, кейпінде елестеген болатын, – дей отырып, осындай жаратылыстың жансыз нәрселерін, құбылыстарын жан бітіре, жандылардың әрекетіне лайықтап


суреттеуді әдебиет теориясында, атынан көрініп тұрғандай кейіптеу деп атайтынын түсіндіреді.

«Қыс» ұғымында көз алдарына қандай түс елестейтінін, қыстың өзіне тән түсі мен ұғымдары нелер сияқты сұрақтар беріп, өлеңдегі «үскірік», «қырау», «аяз» «қар», «боран» сөздерінің қолданысына назар аудартады.

Оқушыларға Абайдың «Қыс» өлеңі мен «Күз» өлеңінің ұқсас жақтары мен өзіне тән айырмашылықтарын сұрап, салыстыруды, саралауды тапсыруға болады.

Сонымен қатар, өлең мәтініндегі сөздермен жұмысты тапсырмалар көмегімен де жүзеге асыруға болады. Сабақта жан-жақты, жаппай жұмыс ұйымдастыруда ауызша, жазбаша жұмысты қатар жүргізуге болады. Мұндай жұмыстар сабақта уақытты тиімді пайдалануға да көмек етеді.

#### «Күз» және «Қыс» өлеңін Венн диаграммасымен салыстыру



Үйге тапсырма етіп, өлеңде Абай қолданған теңеу, салыстыру түріндегі сөзді тауып жазу және мәнерлеп оқуға әзірленіп келу тапсырылады.

Сабақты адам да табиғаттың, жаратылыстың бір бөлігі. Табиғаттың құбылыстары бір-біріне әсер етіп жатады. Жыл мезгілінің әр кезі адамға әр түрлі әсер етіп, оның өмір сүру жағдайына да байланысты болады. Айталық киімінде, істеген шаруасы мен тіршілігінде және өмір сүрген заманына да байланысты болады екен. Ақын, жазушының қай-қайсысы да өзі өмір сүрген заманының, ондағы адалдық пен жамандықты, халықтың мұңы мен зарын жырлайды. Абайдың көңіл-күйі, ренжісі де халық үшін болып тұр.

Абай өз ұлты үшін жаны қатты ауырған ақын. Сол үшін бұрынғы қазақ ауылының жағдайын, жүдеу тұрмысын жазып отырып, өзінің де көңіл-күйін, жаны күйзелісте болғанын байқатады, – деп сабақты аяқтауымызға болады.

Мазмұнды түрде ұйымдастырылған осы екі сабақтан соң үшінші сағатты қорытындылау түрінде ұйымдастырған тиімді. Алғашқы сабақтардан Абай өлеңдерінің мәні мен мазмұнын жақсы меңгеріп, талдау барысында әдебиет теориясынан берілетін біліммен, ақын қолданысындағы сөз мағыналарымен жақсы танысқаннан кейін үшінші сабақта көбіне оқушыны шығармашылыққа баулу көзделуі тиіс. Бұл сағатты сайыс сабаққа құрған орынды.

### **3. Сайыс сабақ түрі: «Күз» және «Қыс» өлеңдерін қорытындылау.**

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – Абай өлеңдерін терең меңгерту, жатқа айту, өлеңді талдау машығын жетілдіру, теориялық ұғымдарды меңгерту, этнографиялық таным көкжиегін кеңейту; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; **тәрбиелік** – эстетикалық, экологиялық тәрбие беру, поэзия, саз өнері, бейнелеу өнері секілді көркем өнер дүниесіне сүйіспеншілігін арттыру, Абайдың ұлылығын, оның поэзиясын, әнінің

тереңдігін сезіндіру, әдемілікті түйсінуге, туған табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** сайыс сабақ (топтық жарыс)

**Сабақтың әдісі:** әңгімелеу, сұрақ-жауап, көрнекілік, шығармашылық жұмыс, түсіндіру.

**Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, музыка, бейнелеу өнері.

**Сабақтың көрнекілігі:** Абай суреті, слайдтар, тақырыптық қима қағаздар.

Жарыс сабақтың мақсаты – сендердің өнер-білімдеріңді жан-жақты байқау. Әр бағыттың арнайы сұрақ тапсырмалары бар. Сендердің жауаптарыңды сарапшылар бағалап отырады.

Мұғалім бұл сабақтың мақсат, міндеттерін, сайыс тәртібін түсіндіреді. Оқушылардан сарапшылар тағайындалады. Сайыстың бағыттары алдын ала жазылып ілінеді.

Бұнда оқушыларды «Күз» және «Қыс» деп аталатын екі топқа бөлуге болады. Топ жетекшілері шығып, өз тобымен, оның атымен және төс белгісімен таныстырады. Бірінші топтың аты – Күз. Күзде жапырақтар сарғайатындық -тан, төс белгіні сары жапырақ етіп алады. Екінші топ – Қыс. Қырауды төс белгі етіп алады.

1. «Түстер сайысы» Екі топ өкілі өз атауларына қарай мезгілдің табиғи түсін мадақтай отырып, қорғайды. Олардың адам өміріндегі, түсінігіндегі алатын орнын, мәнін, мағынасын айтып, сол түстердің ерекшелігін сипаттап беру тапсырылады.

2. «Кім тапқыр?» Ойынның шарты: Өлеңнен алынған сөз неге, кімге катысты айтылғанын, байланысып тұрған сөзін тез арада тауып айту керек. Қай топ өкілі көбірек әрі шапшаңырақ орындаса, ұтысқа жетеді. Тапсырмалар алдын ала жазылып, конвертке салынады.

### **Бірінші тапсырма.**

Ол кім? Ол не?

1. Шидем мен тон қабаттап киген...
2. Ақ сақалды...
3. Қар тепкенде қажымас...
4. Бет қарауға шыдамаған...
5. Ақ киімді...
6. Әуес көріп жүгірген...
7. Түсі суық...
8. Дем алысы үскірік...
9. Шайқалған...

### **Екінші тапсырма.**

Ол кім? Ол не?

1. Жерді басқан...
2. Дымқыл...
3. Түсі суық...
4. Енесіне иірткен шуда жібін...
5. Ыстан қорыққан...
6. Күлмес, жүгірмес...
7. Қайыршы шал-кемпірдей түсі кеткен
8. Жапырағынан айрылған...
9. Малма сапсыған...

Оны оқығанда (Мысалы: Шидем мен тон қабаттап киген кім?) келесі топ өкілі кешіктірмей жауабын айту керек. Қай өлеңге қатысты жазылған тапсырма келсе де, қорғап шығу міндеттеледі.



3. «Өлең өрнегі» Екі топ өкіліне Абай өлеңдерінің жеке тармақтары ұсынылады. Берілген шумақтағы жасырылған сөздерді тез тауып, өлеңді толық жатқа айту тапсырылады.

Бірінші тапсырма.

1. ...киімді, денелі... сақалды.
2. ..., ... , танымас тірі жанды.
3. Үсті басы ... қырау, түсі ...
4. ... .. сықырлап келіп қалды.

Екінші тапсырма.

1. Күз болып, ... тұман жерді басқан.
2. ... шөп, бәйшешек жоқ ...
3. ... шал-кемпірдей түсі кетіп,
4. Салбыраңқы тартыпты ... ..

Бұл тапсырмалардың берілу мақсаты өлең өрнегіне, айшықты сөзге назар аударту. Негізгі нысан болып тұрған сөзді жаза отырып, оған қызмет етіп тұрған сөздерді жасыру арқылы олардың мәнін ашып, сипаттаушылық белгілерін асыра түсу көзделеді.

4. «Шебер суретші». Екі топ өкіліне Абай суреттеген қыстың, күздің суретін салу тапсырылады. Әр топ өз атауына байланысты мезгілдің суретін салуға талаптанады.

5. «Шебер суреткер» Абай суреттеген жыл мезгілдерін (әр топ өз атауына қарай) ауызша суреттеп, сөзбен кескіндеп айту тапсырылады. Мүмкіндіктеріне қарай күз бен қыс мезгіліне өлең шығаруға да болатыны айтылады.

Салынған суретке сипаттама жасату немесе өлең құрауды тапсыру, талпындырып отыру қажет.

6. «Білгір этнограф» Этнографияның нені зерттейтіні айтылып, бұл сөздің мағынасы түсіндіріледі. Абай өлеңдеріндегі қазақтың көне тұрмысына, шаруашылығына қатысты сөздердің мағынасын ашып түсіндіру тапсырылады. Алдын ала дайындалған сұрақтарға келесі топтың «білгір деген этнографы» жауабын айтып, түсіндіріп тұруы керек. Бұған мынадай сұрақтарды дайындауға болады:

1. Шидем деген қандай киім? Қазақтың көне ұлттық киімдерін ата.
2. Бөрік деп нені атайды? Неден жасалады?
3. Құда деген кім? Қандай туыстық атауларды білесіңдер?
4. Алты қанат ақ орда деген не? Қазақ үйінің құрылысын атап айт.
5. Шуда жіп деген қандай болады? Оны қалай дайындайды?
6. Шом, шомшы дегенді қалай түсінесің?
7. Көшпелі қазақтардың күзгі, қысқы қоныстарын қалай атайды?
8. Малма сапсу дегенді қалай түсінесің?

7. «Теория сайысы» әдебиет теориясынан берілген ұғымдарға түсініктеме беру тапсырылады. Екі топ өкілінің қайсысы жазба түрде нақты мысалдармен шапшаң орындаса, жеңіске жететіні айтылады.

Осы көрсетілген үлгілер бойынша «жақтаушы» және «даттаушы» топтарды белгілей отырып, сондай-ақ түстердің адам баласына тигізетін пайдасы мен залалын, Абай шығармаларындағы ауыл өмірінің шынайы көрінісін тілге тиек ете отырып, сондай түстердің адам көрінісіне әсер ықпалын айтқыза отырып дебат сабақ ұйымдастыру мүмкіндігі мол.

8. Бейнелеу өнері. Оқушылар өздері салған қыс, күз көріністерін көрсетеді. Әркім өз жұмыстары бойынша әңгімелейді.

9. Ән-күйге байланысты тапсырма. Әр топтың әншілері өздері дайындаған Абайдың әндерінің біреуін шырқайды.

Бүгінгі сабағымыз Абайдың табиғат туралы жазылған өлеңдеріне арналды. Сендер де табиғатты қорғауға өз үлестерінді қосуларың керек. Өйткені біздің бәріміз – табиғат перзенттеріміз.

Жарыстың қорытындысын шығарып, оқушыларды бағалау, мадақтау.

## **7 – сыныпта талдау сабағына түзілген сабақтық жоспар.**

**Сабақтың тақырыбы:** «Жазғытұры»

**Сабақтың мақсаты:** а) Оқушының Абай туралы түсінігін кеңейту, оқу дағдысын бекіте түсу, әдебиет теориясынан алған түсінігін бекіту.

ә) Оқушы ассоциациясын дамыту.

б) Табиғатты сүйуге, оның адам табиғатымен тұтастықта екендігін білуге тәрбиелеу.

Талдау сұрақтары:

1. Өлеңде жылдың қай мезгілі суреттелген?
2. «Жазғытұры» жылдың қай маусымын білдіреді?
3. Бұл мезгілдің адам баласына әсері қандай?
4. Адамның жасына, кәсібіне қарай көктемдегі іс-әрекеті, көңіл-күйі қалай сипатталған?
5. Өлеңде көктемнің жер бетіне, жан-жануарларға, адамзатқа, табиғатқа әкелген өзгешелік құбылыстары қалай суреттелген?
6. Абай күн шуағын, күн нұрының әсерін қалай суреттеген?
7. Өлеңде ақын көңіл-күйі аңғарыла ма?
8. Өлеңдегі ақын көңіл-күйінің «Күз», «Қыс» өлеңдеріндегіден айырмашылығы қандай?
9. Өлеңдегі көктемнің әсері кімдерге, нелерге қатысты айтылып

тұрған сөздерді саралатып алған соң, ашық таблица бере отырып, тапсырмаға сәйкес сөздерді, сөз тіркестерін ұяларға топтастыру тапсырылады.

Бұл сияқты тапсырмаларды бере отырып, «қай деңгейдегі ұялар тез толтырылады, сол топ алғырлығымен, еңбекқорлығымен, көрегендігімен, шапшаңдығымен ерекшеленеді» деген сияқты ынталандыру шараларын да орындап отырған орынды.

Бұндай тапсырманың мақсаты оқушылардың өздігімен жұмыс істеуін қамтамасыз ету, мәтінмен жұмыс істеуге дағдыландыру, сөздерді белгілі ұғым-түсініктермен саралап, сараптай білуге үйрету, мәтіндегі сөздерді белгілі бір мақсатқа қарай топтай білу дағдыларын жетілдіру.

Ауыл көктемі мен қала көктемі туралы айтқызып та көру қажет. Қандай тапсырма болмасын негізгі көзделетін мақсат – баланың дүниетанымын кеңейту, әдемілікті саралап тану, не нәрсенің өзіндік ерекшеліктерін ажырату. Ол үшін осы екі көктемде, қала мен дала халқының тіршілік, өмірінде, әрекетінде, көңіл-күйінде болатын өзгерістер туралы білгендерін айтқызудың тіл байлығын молайтары анық.

Оқушылардың өздігімен жұмыс істеуінде мынадай сұрақ-тапсырмалар берген орынды деп есептейміз.

#### I. Өздік тапсырмалар. (Абай «Жазғытұры» өлеңі)

1. «Қыс» өлеңіндегі адамның көңіл-күйін білдіріп тұрған жолдарды тауып, оны «Жазғытұры» өлеңімен салыстыр. «Жазғытұры» өлеңіндегі көңіл-күйдің керісінше болу себебі неден?

2. Өлеңнен адамның жасына, кәсібіне қарай көктемдегі іс-әрекетін, көңіл-күйін білдіріп тұрған сөздерді тауып жаз.

3. Көктемнің жер бетіне, жан-жануарларға, адамзатқа, табиғатқа әкелген өзгешелік құбылыстарын саралап айт.

4. «Жазғытұры» жылдың қай маусымын білдіреді, жазға қарай, жазға салым, жазға таман, сөздері синоним бола ала ма? Осы сөздерге сөйлем құрап жаз. т.б.

II. Абайдың «Қыс» өлеңі.

1. Ақын қыстың қаһарлы күшін қалай көрсеткен? Түсінігінді өз сөзіңмен ашып жаз.

2. «Шидем мен тон қабаттап киген малшы

Бет қарауға шыдамай теріс айналды». Өлең жолындағы шидем, тон сөздерінің мағынасын түсіндір.

3. «Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды» деген жолдағы «кәрі құда тіркесінің мәнін түсіндір.

4. Абай сөзін қолданып айтуға дағдылану үшін «ажарланды», «әуес көріп», «домбығып», «үсік шалды», «бет қарауға шыдамау», «қажымас», «титығы құру» деген сөздерге, сөз тіркестеріне сөйлем құрап дәптерлеріне жазып келу.

Бүгінгі таңдағы психологиялық-педагогикалық ғылым жетістіктерінің бәрінде пәнаралық байланыстың ұрпақ тәрбиелеуде, оларға білім қалыптастырудағы ролі мен мәні өте жоғары бағалануда.

«Жеткіншек» деп аталған баланың 11-12 ден 16 жасқа дейінгі кезеңі оны неге болса да үйретудің ең қолайлы кезеңі деп өз зертеулеріне сүйеніп айтқан психологтардың сөзін балаға үйретумен оны тәрбиелеуде мұғалімнің негізге алуы керек. Осы айтылғанды айқындай, дәлірек анықтай айтқанда, мәтіннің мазмұнын қалтқысыз білдіруді көздемей, көбірек өз бетімен жұмыс жасату, өзін ойландыруға күш салған дұрыс. Осы орайда оқушыға өз тұсынан ойланып ізденетін, миына салмақ

түсіріп, қиналатын, бірақ шамасы жетіп, өз тұсынан шеше алатындай алдына міндет қойып үйрету – ең тиімді жол.

Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» деген өлеңдерін оқыту мұғалімнен көп дайындықты талап етеді. Бұл екі өлең де оқушы түсінігіне ауырлық әкеледі және өлең сөздері оларға жақсы таныс емес. Оған қоса қандай болмасын түсініксіз сөзді, құбылысты түсіндіру үшін баланың азды-көпті көрген тәжірибесіне сүйену қажет. Ондай тәжірибе мектеп баласында жоқтың қасы екендігі мәлім.

Аңшылық кәсібі үлкендердің өздерін түгелдей қызықтыратын іс емес, сұлу атты салыстырып, сұрыптап қарап сұлулығын анықтап тану олардың да қолдарынан келе бермейді. Осы айтылғандар салдарынан мәтінмен жұмыс жүргізудің дидактикалық талаптарын орындау қиындық тудырады. Сол себепті өлеңдерді оқыр алдында оқушылармен шығарма мазмұнына қатысты әңгіме-сұхбат құрған өте орынды. Осы орайда сабақ алдында мәтінге қатысты мынадай сұрақтар беру керек.

Кіріспе сұрақтар:

1. Аңшылықтың қандай түрлері болады?
2. Ел ішінде аңшылыққа қандай құстар үйретілетін болған?
3. Аң аулау процесін көргендерің бар ма?
4. «Қансонарда» дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Аңшы құстардың жабдықтарын қалай атайды?

Осы сұрақтар барысында мұғалім оқушылардың білім-білігін тексере отырып, жеткіліксіз жерінде өзі мәлімет беріп отырады. Мүмкін болған жағдайда осы туралы видео фильм көрсеткен де орынды.

Талдау сұрақтар:

1. Абай өлеңде аңшы адамға қажетті нелерді атап көрсетеді?

2. Өлеңде бүркіттің, түлкінің, аңшының іс-әрекеті қалай суреттелген?
3. Абай неліктен осы көріністерді «Жеке батыр майданына» теңейді?
4. Аңшылық адамға қандай көңіл-күй, әсер береді, оны ақын қалай көрсеткен?

5. «Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,

Аң болады кеңесің құс салғанда...» деген тармақтарды қалай түсінесіңдер?

Осы тектес сұрақтар мен тапсырмалар бере отырып, оқушыларға Абай шығармаларынан кең ұғымды қалыптастыру мүмкіндігі мол.

«Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін оқыр алдында да осы тектес сұрақ-тапсырмалар, дайындық жұмыстары міндетті түрде жүргізілуі қажет. Аттың көшпелі ел тірлігіндегі алатын орны туралы, тұрмыстық қажеттілігі мен сұлулық символы ретіндегі оған деген сүйіспеншілік, олардың ауыз әдебиетінде, ән, өлең жырлардағы, көркем шығармалардағы көрінісі туралы айтқан абзал. Аттың дене мүшесі туралы алдын ала мәлімет беру міндетті.

Лирикалық шығарманы сабақта тым ұсақтап талдап, көркемдік құнын төмендетпей, оқушыға тұтас ұғыммен қабылдату өте маңызды. Сондықтан лирикалық шығарманың көркем образын, оның көркем табиғатымен оқушыны бірте-бірте таныстыру керек. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, мұғалім мәтінді талдап түсіндіруде ойын элементін кіргізу – өте тиімді. Осылайша, ұлы ақынның өлмес туындылары жас ұрпақтың кеудесіне ұялай берері даусыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ әдебиетінің бәйтерегі Абайдың шығармашылығы бала бақшасындағы тәлім алып жатқан бүлдіршіндерден бастап, жоғарғы оқу орындарында білім алып жатқан студенттердің де таным мен тәрбие алатын, эстетикалық талғамын өсіріп, көркемдікке жақындататын, әдебиетті түсінуге жол көрсететін жарқын жұлдыз болып табылады. Ақынның шығармаларының мәні мен маңызы, көркемдік әлемімізді байытатын жемісі жыл өткен сайын айқындала түсуде. Мұны біз күнделікті тұрмысымыздан, Абайға, оның асыл мұрасына болған халықтың ықыласынан көріп те, танып та келеміз.

Әлбетте, асыл жауһардай көркем мұралар бар да, оларды халқымыздың әсіресе, жастарымыздың рухани қажетіне жаратуда, пайдалануда қолданылатын әдіс-тәсілдер бар, яғни оларды жас ұрпақ жүрегіне ұялатудың, оған деген шексіз сүйіспеншілігін дамытудың әдістемелік құралы болады.

Біз өзіміздің мамандық жұмысымызда ұлы ақынның лирикалық туындыларын 5-8 сыныптарда оқытудың мәні мен маңызына және оқыту барысында қолданылатын әдістемелік мәселелерге тоқталып өттік. Әдістеме, яғни бұрынғыша айтқанда оқыту методикасы ғайыптан пайда болмайды, ол озат мұғалімдердің іс-тәжірибелеріне сүйене отырып, педагогика ғылымының жетістіктерін басшылыққа ала отырып қалыптасады және өркендейді. Осы тұрғыдан қарағанда Абай лирикасы мектептерде оқытыла бастағанына жүз жылға шамалас уақыт өтсе де, әр заман, дәуір, ұлттық идеологияны басшылыққа ала отырып, оның жаңаша әдістемесін жасап шығады.



Абай шығармаларын оқытуда кешегі кеңестік дәуірде қолданылған методикалық әдіс-тәсілдердің бірқатары қазір тиімсіз болып отыр. Ақын лирикасы кеңестік идеологияны басшылыққа ала отырып үйретілді, оларды танытуда бір ғана мәселе, таптық тұрғыдан түсіндіру, жастардың белсенділігінен гөрі дайын материалдың мазмұны мен идеясын мұғалімнің нұсқауы яғни көрсетуі бойынша қабылдату – қазіргі білімге беріліп отырған талаптарға жауап бере алмайды.

Қазіргі талап – оқушы тек үйренуші ғана емес- талдаушы, аналитикалық пікірлеуші, бағалаушы және оқыған, түсінгенін тұрмыста жүзеге асырушы да болуы шарт. Олай болса, қазіргі методикада оқушыны ізденуге, ситуацияларды өзі тудырып, оны дұрыс шешуге, әрбір тақырыпқа сын көзбен қарап, өзінше баға беруге баулу, дағдыландыру қажеттігі айқын байқалуда.

Методикадағы жаңа педагогикалық технологияны Абай шығармаларын өтуде қалайша, қандай жолдармен қолдануға болатындығына біз жұмысымызда тиісті дәрежеде көңіл аудардық деп есептейміз.

Абай – сан алуан тақырыпқа қалам тартқан ақын. Ол поэзияның адам өмірінде, қоғамдық тұрмыста алатын орнын әдебиетімізде бірінші рет нақты дәлелдеп берді. Қазақ әдебиетінде тұңғыш рет сыншыл реализмді енгізу бақытына ие болды. Жазба әдебиетіміздің негізін қалады. Осындай ұлылықтарын алдымен мектеп оқушыларына мұғалім құры әңгімелеп қана түсіндіруге әрекет етпей, оның лирикасы, өлеңдерін талдау, анализ жасау арқылы таныту – қазіргі оқудың ең басты мақсаты болып табылады.

5-8-сыныптарда Абайдың бағдарламаға енген өлеңдерін танытумен бірге ақынның оқулықта жоқ, бірақ үйренуге титісті шығармаларын да оқушыларға таныстырып, оларды сыныптан тыс оқуды, талдап түсінетін дәрежеге ерісуді қамтамасыз ету – әрбір оқытушының негізгі міндеті болып

есептеледі. Дегенмен, біз көбінесе Абайдың бағдарламада көрсетілген, оқулықтарға енген өлеңдерін оқытудың әдістемелік жағына көбірек тоқталдық.

Абай қазақ әдебиетіндегі жаңа құбылыс болғаны белгілі. Оның шығармаларында сол кездегі қазақ тұрмысы, елдің экономикасы мен мәдениеті, салты мен дәстүрі, қазақ адамдарының психологиясы т.б. айқын суреткерлікпен берілген. Осы қырларын түсіндіру мұғалімнен үлкен ізденісті талап етеді.

Абайдың 5-8 сыныптарда көбірек оқытылатын өлеңдері – табиғат лирикасы болып келеді. Біріншіден, Абайға дейін қазақ әдебиетінде нағыз пейзаждық лирика болған жоқ, табиғат суреті дәл Абай өлеңдеріндегідей идеялық-көркемдік тұрғыдан шебер суреттелетін шығарманы біз кездестіре алмаймыз. Сондықтан да Абайдың табиғат лирикасын оқушыларға дұрыс таныту, әдеби жанрдың – пейзаждық лирика деген түрін таныту болып табылады.

Әсіресе, ақын – бұл тақырыптағы өлеңдерінде табиғатты жалаң суреттеуші емес, оны халық тұрмысымен, өмірімен байланыста, бірлікте алып қараушы. Оның табиғат туралы өлеңдерінен ауыл суреті, жастар мен жасамыстар, мал мен мал бағушы шаруалар, аң мен құстар т.т. тіршілігі жан-жақты толық көрініс тапқан.

Қазіргі методика ғылымы – күн сайын жаңарып, жетіліп келуде. Ғылымның өзге салалардағы жетіскендіктері – оларды мектеп оқушыларына танытуда да қажет. Соған орай, оқытудың ақпараттық технология түрлері де – инновация, интеграциялық, проблемалық т.с.с. мектеп тұрмысына жақын ене бастады. Бұл жетіскендіктер Абай лирикасын 5-8 сынып оқушыларына үйрету процесінде де пайдаланылады.

Дегенмен, көбінесе, Абай шығармаларын оқытуда Абайтану ғылымының жетіскендіктерін алдымен басшылыққа алып отыру шарт. Қазіргі Абайтанушылар: Д.Омаров, Ғ.Есім, М.Мырзахметов, Қ.Бұғыбаева т.б. ұлы ақынның мұрасын зерттеу жұмыстарында бірқатар табыстарға еріскен. Міне, осы зерттеушілер еңбектерін әрбір мұғалім толық білуі және оларды пайдаланып отыруы шарт деп есептейміз.

Қазіргі мектеп оқушылары ақпараттарға өте бай, олар күніне көптеген ақпараттарды қабылдау мүмкіншілігіне ие. Заман талабына сай оқытушы да абайтанудағы болып жатқан жаңалықтардан толық хабардар болып, отырмаса, қазіргі оқушылардың талап дәрежесінен шыға алмай қалуы ықтимал.

Біз мамандық жұмысымызда Абай лирикасын сатылап оқыту мәселесіне де көңіл бөліп отырдық. Мысалы, 5 сыныптағы «Қыс» өлеңін оқытудағы әдістеме, 8 сыныптағы «Қараша желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңін оқытуда оқушылар үшін толық жарайды деп есептеуге болмайды. Біріншіден, 5 сынып оқушысының жас ерекшелігі, түсінігі 8 сыныптағы баламен бірдей емес. Екіншіден, «Қыс» өлеңінде қыстың суреті – ақ сақалды шал, бұрқ-сарқ еткен боран т.б. берілсе, «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңінде қоғамдық-әлеуметтік тұрмыс, бай мен кедей арасындағы әлеуметтік қайшылық тереңдеп барады. Мұнда оқушыларды ойландыру, текстті байыптап оқып, оның әр жолында не мәселелер берілгендігін анық танып отыру талап етіледі.

Біз Абайдың лирикалық шығармаларын 5-8 сыныптарда оқып үйрену әдістемесі бойынша жазылған мамандық жұмысымызда мынадай тұжырымдарға келдік:

1. Абайдың лирикалық шығармаларын оқытуда текспен жұмыс істеу, ондағы әрбір қатарды байыптап танып, байсалды түсініп отыру

2. Қазіргі методикадағы жаңалықтардың ең тиімділерін ғана пайдалану
3. Абай лирикасын оқытуда сөздік жұмыстарын жүйелі жүргізіп отыру
4. Лирикалық шығармаларды оқытуда теориялық ұғымдарды қалыптастыру, мысалы, пейзаждық лирика, элегия (Әбіш туралы өлеңдер), сатира, дидактика (Ғылым таппай мақтанба)
5. Абай шығармашылығын оқыту барысында Абайтанушылардың еңбектерінен (соңғы шыққандары) пайдалану, кітаптарды көрсету
6. Абайдың табиғат лирикасын оқытуда – қазіргі ақындардың табиғат лирикасымен салыстыру
7. Абай өлеңдеріндегі түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіріп отыру
8. Көрнекіліктерден (таблица, схема, иллюстрация, плакаттар т.т.), техникалық құралдардан тиімді пайдаланып бару
9. Абай өлеңдерін талдауда оқушыларды іздендіру мақсатымен бір біріне сұрақтар қойғызу
10. Абай өлеңдерін түсініп және мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастырып бару
11. Абай туралы көркем шығармаларды (Абайдың жастық шағы) оқуға тапсырма беру
12. Абай лирикасы бойынша пікір сайысын көбірек жүргізу, оқушыға өз пікірін айтуда еркіндік беру
13. Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда Абай лирикасын жүйелі пайдаланып отыру.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың лирикалық шығармаларын 5-8 сынып оқушыларына үйрету барысында ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге творчестволықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең зәру мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүние танымына, дүниеге

көзқарасын қалыптасыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуальдылыққа, «толық, кәміл инсан» болып жетілісуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

## ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каримов И. А. Юксак маънавият енгилмас куч. Тошкент. 2008
2. Әділханов Т. Абай өлеңдерінің білімдік, тәрбиелік мәні. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994
3. Бадырақов Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі. Алматы. 1987
4. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы. 1995
5. Бөкейханов Ә. Абай Құнанбаев. Абайды оқы, таңырқа. А. 1993
6. Есенжолова А. Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдістемелері. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1993 ж.
7. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы. 1969
8. Қабылов Ә. Өлеңмен ойын өрілсе. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1993. №9
9. Қанафин А. Қансонарда бүркітші шығады аңға өлеңін оқыту. Қазақстан мектебі. 1977 №2
10. Қирабаев. С. Мектеп және қазақ әдебиеті. Алматы. 1979
11. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы. 1990
12. Мұқаева К. Абайдың лирикасын оқыту. Қазақстан мектебі. 1973. №11.
13. Нығметұлы А. Өнер сабақтастығындағы интеграциялық сабақ. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1995 №4.
14. Тухлиев Б. Адабиетни уқитиш методикаси. Тошкент. 2004
15. [www Ziyo net](http://www.Ziyo.net)
16. [http: // www // uraini // ru](http://www.uraini.ru)

## Мазмұны

|                           |   |
|---------------------------|---|
| Автордың аннотациясы..... | 4 |
| I Кіріспе .....           | 8 |

### I тарау

#### Абай шығармаларының тәрбиелік үлгісі

|                                                                              |    |
|------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 Абай шығармаларын оқытудың педагогикалық және психологиялық негіздері..... | 16 |
| 2 Өнер, білім, ғылым тақырыбындағы Абай өлеңдерін оқыту.....                 | 25 |

### II тарау

#### Абайдың табиғат лирикасын оқыту

|                                                                                 |    |
|---------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 Абайдың «Күз» өлеңін әңгіме-сұхбат түрінде оқыту.....                         | 33 |
| 2 Абайдың «Күз» және «Қыс» өлеңдерін оқытуда Веең диаграммасынан пайдалану..... | 43 |

|                     |    |
|---------------------|----|
| III. Қорытынды..... | 56 |
|---------------------|----|

|                                  |    |
|----------------------------------|----|
| IV Пайдаланылған әдебиеттер..... | 62 |
|----------------------------------|----|